



БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 10 (172), 2022
Қазан
Октябрь

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қантар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

К. Абдилдина	
Қазіргі ұстаздардың кәсіби білімділігі жаңашылдықты талап етеді	3
А. Дюсембаева	
Бастауыш сыныптарда жаңа технологияларды тиімді пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін дамыту	6
Т. Ахметова	
Развития трехязычия как одно из преимуществ современного образования	10
Л. Потанина	
Развитие способности учащихся применять знания предмета Наук (Science) в жизни через использование методов дифференцированного обучения	14
Ш. Дюсюнбекова	
Победа на международном гастрономическом фестивале «ASTAUFEST 2022»	15
О. Ескентаева	
Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өмірі мен идеялары	19
Б. Абишева	
Арқаның арқалы күйшілері	23
А. Сәрсенбекова	
Бастауыш сынып оқушыларының жазу каллиграфиясын дамыту	25
Ж. Утулина	
Бастауыш сынып оқушыларының зияттылық қабілетін қалыптастыру	27
А. Шекербекова	
Шешендік сөздердің жанрлық ерекшеліктері	30
А. Стамжан	
Қазақ халқының колөнері	35
И. Негметова	
Цилиндрдің көлемі	38

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

**БІЛІМ КІЛТІ -
КЛЮЧ ЗНАНИЙ**
журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10965-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
28.10.2022 ж.
Сандық басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел:
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информаций РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 28.10.2022 г.

Печать цифровая.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

Моб.т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии


«Rado Print».

Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Қазіргі ұстаздардың кәсіби білімділігі жаңашылдықты талап етеді

Дана халқымыз «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деп текке айтпаған. Өйткені қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Өздігінен білім алатын, жан жақты ізденетін, талпынатын, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу ұстаздың қолында. Ал қоғамдағы жаңа өзгерістер ұстаздардың кәсіби біліміндегі жаңашылдықты талап етеді. Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін көрсетті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды мәселе болып отырғаны: «XX ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырда қалай дайындайды?». Олай болатын болса, әлем елдерінің білім беру жүйесімен сараптап көрсек, әр елдің, әр мемлекеттің өзіне тән орта білім жүйесі мен мектеп үлгісі, орта мектептердің әрқайсысының қалыптасқан өзіндік ішкі құрылымның бар екенін байқауға болады.

XXI ғасыр — ақпараттық ғасыр, ақпараттық қоғам. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы — білім алушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, қисынды ойлау қабілетін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және ақпараттық сауатты болып өсу мен ғасыр ағымына бейімдей тәрбиелеу, яғни, ақпараттық қоғамға бейім-

деу болып табылады. Ағылшындардың озық тәрбиесі осыған сәйкес келеді. Өздерін ұлы халықпыз деп есептейтін ағылшындардың жас ұрпақ үшін жасаған бұл бағдарламасы шынында да осал емес екен.

Бағдарлама мазмұнымен тереңірек танысқан сайын қазақстандық білім жүйесіне өзгеріс керек екеніне көзіміз жетеді. Бізге өзгеріс не үшін керек? Расында да шәкірт оқытып жүрсек те осы сұрақ төңірегінде, яғни, бізге өзгеріс керектігі жөнінде, ол қандай өзгеріс екендігі туралы ойлана бермейді екенбіз. Расында да бізге, мұғалімдерге, жалпы бірсарындылыққа түсіп кеткен отандық білім жүйесіне өзгеріс керек екенін ұғасың.

Жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру үшін мұғалімдерге қойылатын талап пен міндет аса жоғары екені даусыз. Білім беру жүйесіне жаңа 7 модульді енгізу ойлау қабілеті жоғары, болашаққа қатысты міндеттерді шеше білетін, шығармашыл шәкірттерге қажеттіліктен туындап отыр. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі: оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару, яғни XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің ең басты міндеті — кең көлемдегі ақпарат тасқынында өзін еркін сезінетін және сыни тұрғыда ойлана алатын



азаматтарды даярлау. Бұл оқыту жүйесін түбегейлі өзгертуді талап етеді. Мұғалім дәстүрлі тәсілмен сабақ беретін қарапайым сынып бөлмелерінен «электронды» сыныптарға толығымен көшуі қажет. Әрбір білім алушының интернет желісінде жұмыс істей алуына жағдай жасалынуы керек. Білім беру саласындағы басты мақсат –

білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру және оны жүзеге асыра алтын жаңашыл мұғалімдерді даярлау.

Жаңашыл мұғалімдер педагогикалық қызметтің барлық түрлерін зерттеп, кез келген педагогикалық жағдайда өзінің білімділігі, парасаттылығы, ақылдылығы, мәдениеттілігі, іскерлігі, шеберлігі арқасында қандай мәселе болсын шеше алатын, педагогикалық үрдістің нәтижесін жақсартуға ұмтылатын жаңашыл әрі шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға болуы керек. Мұғалім білімнің құндылығын айқын түсініп, өз пәнінің жетік шебері, педагогика мен психологияны терең меңгерген, жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық әдістерді қолдана алатын, өзін жеке тұлға ретінде дамытып отыруы тиіс. Жаңа тұрпатты мұғалім үш түрлі күзіреттілікке ие болуы тиіс. Ол: әдіснамалық, жалпы мәдени, пәндік-бағыттылық. Біріншіден, педагогикалық қызметтің шығармашылыққа бағытталуы, екіншіден, зияткерлік мәдениетін, мінезқұлық, қарым-қатынас, соның ішінде педагогикалық қарым-қатынасты меңгеруі, үшіншіден, қазіргі кіріктіру үрдістерін, әлемдік білім берудің даму тенденцияларын бағдарлай алуы міндетті.

Білім – ел қазынасы, халық байлығының ең маңызды бөлігі десек, білімнің негізі мектептегі инновациялық жұмысты жандандыруда жатыр. Бұл дегеніміз – қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық педагогикалық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес деген сөз. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру мұғалімдердің интеллектуалдық, кәсіптік, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Жас ұрпаққа білім беру мен тәлім берудің сан жолы, көп қыры бар. Мына ғаламдық қарышты даму дәуірінде шәкірттерге берілер білім мен білік күн өткен сайын үрделеніп, жанарып келеді. Өйткені қоғам дамуына қарай ғылым салаларының жаңа түрлері пайда болатындығы тарихтан белгілі.

Қазіргі жасалған ғылыми тұжырымдама бойынша, болашақ мұғалімді бұл бағыттағы жұмыстарға даярлау оның шеберлігін шындаудан басталады. Ол үшін мынадай нұсқаулықтарды басшылыққа алуымыз керек.

1. Жаңа қоғам мұғалімі – ол рухани адамгершілігі жоғары, адамзаттық жауапкершілігі мол, белсенді де жасампаз, рефлексияға қабілеті басым, коммуникативтік, ақпараттық және біліктіліктің басқа түрін меңгерген құзырлығы жоғары маман;

2. Мұғалім білімінің өзіндік құндылығын анық, саналы түсінуі үшін ғылыми-тәжірибелік әдістер мен өзіндік іс-әрекетінің нәтижелерін диагностикалық құралдармен қамтамасыз етілуі керек;

3. Мұғалім мектеп пен білім беру са-



ласының алдында тұрған басты мақсаттарды ой елегінен өткізіп, өзін соған бағыттап жұмыс ұйымдастыруы тиіс;

4. Мұғалімге өзіндік озық іс-тәжірибесін үнемі жүйелеп және қорытындылап отыруды, сондай-ақ іс тәжірибені қажет ететіндерге түсінікті түрде жеткізе білу технологиясын үйретуді үнемі есте ұстанғанымыз абзал;

Мұғалім әрбір оқушының психологиясына терең үңіліп және соған қарай әрекет жасауына қол жеткізуіміз қажет.

Қазіргі заман мұғалімі өз пәнін жетік біліп қана қоймай, тарихи танымы мол, педагогикалық-психологиялық тұрғыдан сауатты болуы тиіс.

«Білім мен тәрбие – егіз» дейміз. Олай болса, сауатты білім алу үшін бірінші бала тәрбиесін қалыптастыру қажет. Ол үшін не істеу керек? Мектеп табалдырығын аттаған күннен мұғалім, оқушы және ата-ана арасындағы тәртіпті қалыптастыру керек. Тәртіп болған жерде ғана оқушының алған білімі, тәрбиесі көрінеді. Оқушыларды еркін ұстап, өз ойын ашық айтқызып, ұялшақ болмай, ширақ болуға үйрете отырып тәртіпті етіп тәрбиелеуге болады. Сабакқа дайын болмаған оқушыға қатты зекіп, сөгіс жариялап, ата-анасына жамандап, баланың беделін түсіру мұғалім этикасына нұқсан келтіреді.

Ш.А. Амонашвилидің тәрбие туралы әдісінде балаға сенімді көзбен қарап, оның бойындағы жақсы қасиеттерді көріп, соны үнемі арқау етіп, «сенен жақсы оқушы шығады, сен оны түсіндің, ертең жаттап келіп, жақсы баға аласың» деген жылы сөздерді айтып отырсақ, оқушы бойында жауапкершілік қасиет қалыптасады және өмірге деген қызығушылығы арта түседі.

Ұлы педагог көрнекілік жайында «Егер сіз бір сөз айтудың өзін қиын санайтын сыныпқа кірсеңіз, жұмысыңызды сурет көрсетуден бастасаңыз, сонда сынып сөйлей жөнеледі!» деген екен. Осы пайымға жүгінсек, көрнекілікті пайдалануда тірек сызбасы көп көмегін тигізеді. Себебі, сызба оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, ойын жинақтауға, еркін өздігінен сөйлеуге үйретеді.

Дамыта оқытудың Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов жасаған жүйесі үш негізгі құраушыдан тұрады. Олар – оқу мақсатының дұрыс қойылуы, оны шешудің жолын бірлесе қарастыруы, шешімнің дұрыстығын дәлелдеу. Оқытудың осындай жанаша әдіс-тәсілдерін қолданып, заман ағымына сай болу мұғалімдерге жауапты міндеттер жүктейді. Ол үшін бірінші сыныптан бастап баланың қабілеттерін дамыту керек. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығуын дамытудың негізгі факторы: олардың білім дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен қатар баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу үрдісін жолға қою қажет.

Қорыта айтқанда ұстаз – әмбебап, білімдар, сауатты маман иесі болса, шәкірт – ұстазының ұлағатты іс-әрекетін үйреніп, одан білім алушы, жаны жақын, ой-мақсаты біртұтас, өсіп-өркендеуші өрені. Ұстаз әрі жолдас әрі дос болғандықтан, шәкірт онымен ашық-жарқын, жасқанбай пікірлесіп, ойын ашық айтса, ұстазының көңілі көтеріліп, шәкіртіне сырын ашып, арман биігіне жетелейді.



Ұстазын сыйламаған шәкірт өз ата-анасын да сыйламайды. Өз ата-анасын, ұстазын ардақтамаған шәкірт адамгершіліктен жұрдай болып, елінің елеулісі, халқының қалаулысы болмақ түгілі аталы батаның үдесінен де шыға алмайды. Сондықтан да мұғалім қазіргі заманға лайық өзінің білім беру мен ісін рухани дамыта отырып, инновациялық ізденіспен жұмыс істеп, білігі мен білімі жоғары ұлағатты ұстаз болуы керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының біліктілікті арттыру жүйесін дамытудың 2015 жылға дейінгі тұжырымдамасы. 2004;
2. Қазақстан Республикасының ма

мандар білігін арттыру және қайта даярлаудың ережесі мен тәртібі. – Алматы, 2002;

3. Қазақстан мектебі. 2012;
4. Қазақстан мектебі. 2015.

**Күләш Сұлтанқызы
АБДИЛДИНА,
Н. Құлжанова атындағы Торғай
гуманитарлық
колледжінің «Бастауыш білім беру
педагогикасы
және әдістемесі» мамандығының
арнайы пән
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының магистрі.
Арқалық қаласы,
Қостанай облысы.**



Бастауыш сыныптарда жаңа технологияларды тиімді пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін дамыту

Қазіргі заманғы білім беру кеңістігінің ауқымды талаптарына сәйкес жаңа білім беру жүйесінің енгізілуі білім алушылардың денсаулығын сақтай отырып, оларды толыққанды сапалы біліммен қаруландыруды көздейді.

Білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік

стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру қажет. Педагогикалық жаңа әдіс-тәсілдер мен тұтастай білім беру технологияларын мектеп өміріне енгізу, оны әр пән мұғалімінің тиімді пайдалана алуын қамтамасыз ету – бүгінгі таңдағы білім сапасын арттырудың маңызды жолы. XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болуға қажетті кең ауқымды дағдыларды дарытуға яғни, «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Сабақтың мақсаттары оқу мақсаттарына сай SMART форматында құрастырылған



болу керек яғни, арнайы, нақты; өлшеуге болатын, қолжетімділік; шындыққа сай, қысқа да нұсқа; белгілі бір уақытқа шектелген болу керек. Сонымен қатар пәннің ерекшеліктеріне қарай, оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, оқу мақсаттарына жетуге ықпал ететін белсенді оқу әдіс-тәсілдерін таңдауға мән берілу керек. «Сыни тұрғыдан ойлау», «Деңгейлеп оқыту», «Модульдік оқыту», «Дамыта оқыту», т.б. озық технологияларды қолдану оқытудың мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді.

Жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімді тұстары:

1. Тұлғаның пәндерге деген қызығушылығын оятады;
2. Тұлғаның танымдыққа қабілеттілігі орнайды;
3. Әлеуметтік мәдени тәрбие қалыптастырады;
4. Тұлғаны шығармашылық жұмысқа баулиды;
5. Мұғалімнің уақытын үнемдейді;
6. Қосымша мағлұматтар береді.

Білім негізі бастауышта қаланатындығын ескерсек, болашақ азаматтың білімі сапалы, тәрбиесі толымды болуымен қатар, оны заман талабына төтеп бере алатын ұшқыр ойлы, өмірде және қоғамда белсенді тұлға етіп дайындаудың негізгі тетігі де бастауыш сынып мұғалімдерінің қолында екені баршаға аян. Осыдан бастауыш сынып мұғалімінің мойнындағы жауапкершілігі зор екендігін байқаймыз. Кәсіби құзыреттілігі жоғары мұғалім алдындағы әр оқушы бойындағы дарындылық көзін ашушы. Сондықтан да оқушылардың бойында түйінді құзыреттілікті қалыптастыру және олардың қалыптасу

деңгейін бағалауға даярлығы сол құзыреттіліктердің педагогтың өз бойында қалыптасу деңгейімен байланысты. Бастауышта білім берудің мақсаты негізгі және пәндік құзыреттіліктерді кіріктіру жолымен, сондай-ақ білім берудің базалық мазмұнында белгіленген білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелерді анықтау үшін негіз болып табылады. Оқушы бойында ақпараттық құзыреттіліктің қалыптасуы дегеніміз – ол оқушының: іс-әрекетке қалыптасқан оқушы болашақта айналадағы құбылыстар мен жағдаяттардан өзіне қажеттісін түйіп, өмірде пайдалана білуге үйренеді. Коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуы дегеніміз – ол оқушының: түрлі жағдайларда өз пікірін жеткілікті түрде негіздеуге, өз ойын еркін жеткізуге, өзінің және өзгелердің әрекетіне баға беруге, өзін дамытуға үйренеді. Проблеманың шешімін табу және өзіндік менеджмент құзыреттілігінің қалыптасуы дегеніміз – ол оқушының: мәселені айқындау және іс-әрекет мақсаттарын белгілеуі, өзінің іс-әрекетін бақылай алуы.


Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы жүзеге асады, ал мұғалім – бағыт беруші ғана. Оқыту барысында білім жүйесі негізінде мынандай міндеттер қойылады: оқы, түсін, қолдан, салыстыр, жинақта. Жаңа технологиямен оқытқанда әрбір оқушының жеке басының ерекшелігі еске алынса ғана нәтиже беретініне көз жеткіздік. Оқушыны терең әрі жүйелі біліммен қаруландыру ұстаздан да жаңаша ойлап, жаңаша жұмыс істеуін талап етеді. Сабақ жоспарын жасауда әр мұғалім түйінді құзыреттіліктерді басшылыққа алып жүйелі жұмыстанса, ұлы педагог Ж. Аймауытов «Сабақ беру – үйреншікті



жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», – деп айтқандай әр мұғалім кәсіби шеберлігін іс жүзінде дәлелдегені.


Бүгінгі күні еліміздің білім беру жүйесі әлемдік деңгейге жету үшін әрбір педагог оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді,

Ақпараттық ізденісті жоспарлауға арналған тапсырма




Саған көшеден өтуге біреу көмектесе ме? Кім?

Проблеманы сәйкестендіру (анықтау)



Сен қалай ойлайсың: Көшеде дұрыс жүруді үйрену неге маңызды?

ізденімпаз, белсенді, шығармашылық бағыт ұстанатын, құзыреттілік қабілеті жан-жақты дамыған, сол тұрғыда өз



болмысын таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән беріп келеді.

Тапсырма.

Салыстыру, топтастыру.

Құзыреттілік бағытта берілген тапсырмалар көбіне «Сыни тұрғыдан ойлау және жазу» технологиясының

«РАФТ», «Бес жолды өлең», «Үш жақты күнделік», «Әссе», «Джигсо», «Кубизм», «Топтастыру», «Блум таксономиясы», т.б. стратегияларына құрылған. Бұл технология қолдану арқылы оқушылардың өздеріне сыни тұрғыдан қарай отырып дамыту, жетілдіру.

Осындай тапсырмалар арқылы мынадай жетістіктерге жеттім деуге болады.

1. Оқушы өз ойын еркін, ашық айта алады;
2. Топта, жеке жұмыстанады. Пікірталасқа түсе алады;
3. Мәселені өмірмен байланыстырады;
4. Қоғамдағы жаңалықтардан хабардар болып отырады;
5. Оқушы өзіне-өзі баға береді, сыни тұрғысынан қарайды;
6. Оқушыны дамыта отырып өзің жетіле, дами бересің.

К.Д. Ушинский «Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық техно-



логияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз» деп айтқандай, ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс — оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ресей ғалымы Н. Кузьминаның көзқарасы бойынша «Құзырлылық дегеніміз — педагогтың басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы». Сондықтан сабақта құзыреттілік тұрғыда білім беруге бағытталған тапсырмаларды берудің және орындатудың маңызы зор екенін айқын көруге болады.

Ыбырай Алтынсарин сөзімен айтқанда мектептің жұмыскер жүрегі — ұстаз. Яғни, негізгі білім қазығы — бастауыш сынып мұғалімдерінен үлкен үміт күтері сөзсіз. Бастауыш мектеп — оқушы тұлғасы мен сапасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезеңі. Ендеше бастауыш үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да, қадірлі жұмыс.

Мемлекет басшысы халыққа жасаған баяндамасында қазақстандықтардың көкейіндегі көптеген сұрақтарға жауап берді. Әсіресе, білім саласында жүрген біздер үшін де үлкен парыз жүктелді. Халық даналығындағы «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» ұғымы дәл қазіргі кезеңге сай келіп отыр. Еліміздің алдында тұр-

ған басты міндеттің бірі — салауатты, саналы, білімді, ақыл-парасаты мол және ғылыми-мәдени өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу екендігін президентіміз ерекше атап өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың интеллектуалды ұрпақ қалыптастыру бойынша берген тапсырмасын жұмыла абыроймен атқарамыз деген сенімдемін. Ендеше бәсекеге қабілетті туған тілін, елін, жерін сүйетін, өз ойын еркін жеткізе алатын құзыретті тұлға тәрбиелеудегі еңбектеріңізге жетістік тілеймін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауы 2022 ж.;
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші деңгей;
4. А. Ташенова. «Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту»;
5. «Мектептегі ғылыми жұмыстар» журналдары.

**Аксамал Сергазиевна
ДЮСЕМБАЕВА,
№4 жалпы орта білім беретін
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
Ақсай қаласы,
Бөрлі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.**

Оқу, білім — жанған шырақ, ойласаң,
Үйренерсің, іздеп көрсең — қалмасаң.

Жүсіпбек Аймауытов



Развития трехязычия как одно из преимуществ современного образования



Т.С. АХМЕТОВА,
преподаватель КГП на ПХВ «Павлодарского технологического колледжа», магистр гуманитарных наук.
г. Павлодар.

Аннотация: В статье затрагивается тема полиязычия в Казахстане, задачей которого является овладение обучающимися тремя языками. Современная языковая ситуация в стране позволяет говорить о триединстве языков. Казахский язык – это история, традиции, культура казахского народа. Русский язык – язык межнационального общения. Английский язык – язык успешной интеграции в глобальную экономику. В статье отмечается важность и значимость развития полиязычия для многонационального казахстанского общества, в особенности для молодого поколения, так как именно молодежь является будущим любого государства.

Ключевые слова: трехязычие, конкурентно способность, коммуникативная компетентность, полиязычная среда, языковая коммуникация

Исследования и анализ показывает, что распространение полиязычие в мире – закономерный процесс, обусловленный коренными изменениями в экономике, политике, культуре и образовании. Если взглянуть на концепции ЮНЕСКО понятие «полиязычное образование» предполагает использование в образовании, по меньшей мере, трех языков: родного, русского или английского как язык международного общения. Использование этих языков является «важным фактором инклюзивности и качества образования». Языковая политика и принцип полиязычия стали приоритетными вопросами и в нашей республике.

Одной из проблем в современном обществе является проблема согласия и взаимопонимания между людьми, преодоления трудностей межэтнического отношения. Межкультурная коммуникация может способствовать в большей степени сохранению и поддержке ситуации полиязычия в каждом государстве и в отношениях между странами.

Целью современного образования на данном этапе становятся не просто знания, но и формирование важных ключевых компетенций, которые должны вооружить молодежь для дальнейшей социализации

Трехязычие, полиязычие, многоязычие – указание современного вре-



мени, требование жизни. Одной из задач образования является приобщение подрастающего поколения к универсальным, глобальным ценностям, формирование у детей и подростков умений общаться и взаимодействовать с представителями соседних культур и в мировом пространстве.

Известно что, основой развития поликультурной личности является полиязычие, которое рассматривается как действенный инструмент развития молодого поколения в условиях взаимосвязанного и взаимозависимого нашего мира. В связи с этим понимание роли языков в современном мире ставит перед нами вопрос обучения языкам и повышение уровня языковой подготовки.

Важность многонационального и полилингвального обучения определяется всеобщей мировой тенденцией к интеграции в экономической, культурной и политической сферах. Полилингвальное обучение мы знаем как целенаправленный процесс приобщения к мировой культуре средствами нескольких языков, когда осваиваемые языки выступают в качестве способа постижения сферы определенных знаний, усвоения культурно-исторического и социального опыта различных стран и народов.

Казахстан, держится полиэтническим и поликонфессиональным государством, переживает на сегодня сложный и противоречивый период своего культурно-языкового развития, о чем показывает сложившаяся языковая ситуация, характеристика которой дана в Концепции языковой политики Республики Казахстан.

Главная цель, стоящая перед учителями и учениками современного казахстанского образования, – это развитие поликультурной личности, талантливой на социальное и профессиональное самоопределение, знающей историю и традиции своего народа и других народов, живущих в государстве, владеющей несколькими языками, умеющие осуществлять коммуникативно-деятельностные работы на трех языках во всех ситуациях, стремящейся к саморазвитию и самосовершенствованию.

В «Концепции развития образования РК» определяется роль и место полиязычного обучения, его статус объективируется известными факторами:

- поступательной интеграцией Казахстана в мировую цивилизацию и экономическое пространство;
- ориентацией республики на путь научно-технического и индустриального развития;
- ежегодно увеличивающимся потоком иностранных инвестиций в экономику страны, увеличением числа иностранных фирм, повышающих спрос на высококвалифицированных специалистов со знанием иностранного языка, с технологическими умениями и деловыми навыками;
- необходимостью повышения конкурентоспособности республики на глобальном рынке;
- международной интеграцией в области образования, возможностью получения качественного образования у себя в стране и за рубежом; признания казахстанского диплома на международном рынке образовательных услуг;



- правом свободного передвижения (мобильности) и повсеместного проживания в пределах стран, входящих в Европейское Содружество;
- способностью человека к адаптации к современным условиям проживания в мультилингвальном и мультикультурном обществе; его доступа к опыту и знаниям в мире, большому информационному полю, в том числе в результате развития мультимедийных средств коммуникации.

Концепция развития образования в Республике Казахстан направлена на качественное обновление форм и методов подготовки профессиональных кадров, квалификационно отвечающим общемировым стандартам. Большое внимание при этом уделяется полиязычному образованию, которое рассматривается как действенный инструмент подготовки молодого поколения к жизнедеятельности в условиях взаимосвязанного и взаимозависимого мира.

Центральными проблемами внедрения полиязычия являются вопросы определения целей, а также содержания обучения, адекватного им, при разработке которых наиболее эффективными представляются идеи об обучении не просто одному иностранному языку, а формировании полиязычной личности в широком смысле этого слова.

Не секрет, что существовавшая до недавнего времени практика преподавания языковых дисциплин в Республике Казахстан вызывала резкие и в чем-то справедливые упреки в адрес методистов, преподавателей, авторов учебников по поводу слабой языковой подготовки в школах.

В настоящее время необходимо найти пути восстановления образовательного пространства, меры по унифицированию содержания полиязычного образования, в первую очередь, на уровне средней школы, которая должна обеспечить нормативный базовый уровень языковой подготовки для преемственного продолжения формирования полиязычной компетенции на уровне высшего и послевузовского образования.

Следовательно, владение казахским, русским и другими, в том числе иностранными, языками становится в современном обществе неотъемлемым компонентом личной и профессиональной деятельности человека, его поликультурного воспитания и развития. То есть мы вправе говорить в связи с этим и о развитии полиязыковой культуры.

Полиязыковая культура, рассматриваемая как объективная реальность, связана со сферой сознания, с духовной жизнью людей в том или ином обществе. Она не может существовать безотносительно к обществу, которое состоит из отдельных людей, не может существовать безотносительно к самосознанию этноса, к коллективному общественному сознанию и языковому самосознанию говорящих на нем отдельных людей.

Информационное пространство в рамках определенного исторического времени является важнейшим фактором становления сознательной человеческой деятельности в силу сигнификационной функции языка. Язык, заключенный в коллективном сознании народа, - эта та реальность, к познанию которой человек приобщается в течение жизни, в частности через образование с помощью выразительных средств



естественнонаучного и гуманитарного знания. Любой язык ставит человека перед необходимостью и одновременно дает ему возможность представлять континуум мироздания как дискретное множество разных вещей, которое поддается упорядочению при помощи системы ценностей, являющихся значениями слов. Эту задачу решает каждый человек, овладевая первым, родным, языком. Соответствующая способность видеть мир через слова остается пожизненно, - это необходимая компонента того качества, которое называется разумом. Причем полноценное понимание родной культуры невозможно без знакомства с культурой и языком других стран, так как, изучая язык того или иного народа, человек изучает исторически сложившуюся у него систему понятий, сквозь которые он воспринимает действительность, так как культура — это тот идеал, который выполняет системообразующую роль для технологии общественного производства.

Речевая культура как составная часть культуры народа, связанная с использованием языка, включает в себя сам язык с его национальной спецификой, с его социальными и функциональными разновидностями, различиями в формах воплощения в речи (устная и письменная). Речевая культура — это также совокупность общезначимых для данного народа речевых произведений, система речевых событий и речевых жанров. Обычай и правила общения, присущее народу соотношение вербальных и невербальных (лингвистических и экстралингвистических) компонентов общения способны сохранить и передать языковые традиции.

Освоение неродных языков — важнейшая сторона гуманитарной подготовки, как в системе среднего, так и в системе послесреднего образования. Повышение уровня полиязыковой культуры нужно рассматривать в качестве одного из направлений гуманитаризации всех ступеней системы образования. Широта и уровень полиязыковой культуры существенно влияют на разносторонность развития личности, ее жизненных сил, расширяют возможности профессионального и социального самоопределения, адаптации, повышают творческий потенциал. Кроме того, возможности межнационального общения, взаимопонимания разных народов и связанные с этим возможности видеть и понимать мир значительно зависят от владения разными языками.

Литература:

1. Назарбаев Н.А. - Послание Президента народу Казахстана // Новый Казахстан в новом мире. — 2007;
2. Жетписбаева Б.А. - Полиязычное образование: теория и методология. - Алматы: «Білім». — 2008. - С. 343;
3. Послание Президента Республики Казахстан Стратегия «Казахстан — 2050»;
4. Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 гг.;
5. Концепция развития системы образования РК;
6. Буланкина Н.Е. - Полиязыковое информационно-образовательное пространство. Методология. Проблемы. Технология. — Новосибирск: СО РАН, 1999.



Развитие способности учащихся применять знания предмета Наук (Science) в жизни через использование методов дифференцированного обучения



Лэйла Мурзагалиевна ПОТАНИНА,
учитель биологии, наук (Science)
Назарбаев Интеллектуальная школа города Астаны.

Аннотация

Время меняется, подходы к обучению стали разными, но одно остается неизменным: ученики входят в классы на разных уровнях обучения. С помощью дифференциации у учителя появилась возможность удовлетворять потребности разных учащихся в классе. Наша задача, как учителя будет состоять в том, чтобы учащиеся от своего текущего уровня перешли на более высокий. А также применение всех знаний, полученных на уроке, в реальной жизни. Способ достижения этого уровня будет зависеть от выполнения различных работ в классе до ответов на вопросы, дифференцированные по уровню способностей учащихся.

Индикаторами данного исследования для достижения цели было использование научной терминологии, понятий, законов для объяснения процессов и явлений, происходящих в реальной жизни.

Урок по программе МУР начинается всегда с того, что тему для изучения материала учитель обязательно связывает с концепциями: ключевыми, предметными и глобальным контекстом. Тем самым прослеживается связь с другими предметами (химия, физика, математика, экономика, биология и т.д.) взаимосвязь теории с практикой, ис-

пользование примеров из повседневной жизни. Перед учениками ставится задача: применять знания, полученные на уроке для решения ситуационных задач.



Рис.1 Презентация модели изобретения



Доказательством данного исследования, могут представить один из уроков, тема которого звучала так: «Научное изобретение». Ученикам предоставляется задание сделать краткое описание по различным областям науки и о том, что они изучают. Затем предлагаю учащимся определить и обсудить роль науки и техники в развитии общества. В своих ответах ученики должны обязательно использовать научную терминологию, касаясь данной темы: наука, технология, развитие, поворотные моменты в истории и т.д.

Ребятам дается время для разработки собственного изобретения. Им рекомендуется использовать свое воображение и некоторые знания, которыми они обладают в области науки или техники. В этой деятельности для учеников можно применить методы дифференциации: учащиеся могут нарисовать плакат, создать презентацию или сделать макет (модель) изобретения (см. рис. 1).

Учащимся по способностям высокого уровня также дается дополнительное задание: необходимо было описать некоторые из способов, с помощью которых, это изобретение могло бы развить наше общество и улучшить наш образ жизни. При объяснении данного фактора, ученику необходимо приводить достаточное количество аргументов, связанные с примерами из реальной жизни или из собственного опыта.

Как учитель МУР, при планировании урока всегда учитываем при опросе фактические, концептуальные и дискуссионные вопросы. Рассмотрим

следующие вопросы, которые будут говорить о строении клеток и клеточных процессах, происходящих в ней (пример из урока):

Фактические – Что такое клетка? Какие органеллы входят в состав клетки? Какие типы клеток существуют? Какие процессы происходят в клетке?

Концептуальные – Какова роль органелл в процессах, происходящих в клетке? Почему мембрана клетки называется «избирательно проницаемой»?

Дискуссионные – Какая форма жизни (одноклеточная или многоклеточная) более удобная?

Ученики, которые нуждаются в нашей поддержке, должны хотя бы ответить на фактические вопросы, в то время как ученики с высоким уровнем, уже будут акцент свой давать на вопросы дискуссионного характера. Но в любом случае, есть разные ученики, от которых мы можем ожидать ответы на все предложенные вопросы.

Мы также можем дифференцировать процессы, используемые для обучения. Предоставление нашим ученикам выбор – это эффективный способ, для изучения материала и понимания концепций, и учащиеся в этом случае будут стремиться, к такому виду деятельности, которая наилучшим образом, будет соответствовать их стилю обучения. Например практическая работа: «Определение pH, conductivity, temperature, weather», где представлена одна тема и четыре станции, ученикам дается выбор два или три из четырех станции прохождения, в зависимости



по которой станции они могут выполнить задание, которое в свою очередь будет соответствовать уровню способностей ученика.



Рис.2 Практическая работа №1



Рис.3 Практическая работа №2

Учителю также можно предложить в данной ситуации, если учащийся хочет работать в коллективе, то можно

с учетом дифференциации, сформировать мини группы. Также ученики могут данную практическую работу по данной теме выполнять, как на уроке в школе (см. рис 2), так и вне школьного помещения (см. рис.3). На каждой станции учеников ожидают задания с использованием командных терминов программы МУР «Описать...», «Выбрать...», «Применить...», «Анализировать...», «Разработать...». В итоге, все это дает эффективную, правильную стратегию для изучения контента и уровня сложности заданий для учащихся. Выполнение таких практических работ на уроках наук, позволяет учащимся знать и применять рН любого раствора, определять температуру, проводимость в своих ситуационных проблемных вопросах.

Дифференциация некоторых оценок среди учащихся, может повысить уверенность учащихся и помочь достичь определенного уровня успеха, в то время как простое наше обычное тестирование для всех, может привести к ощущению неудачи среди менее способных учеников. Предоставление дифференцированной поддержки таких учащихся может помочь вам, как учителю точно измерить их научное понимание в оценке. Если ребята выполняют задание написание эссе по критерию D «Рефлексия о влиянии науки», учащимся, которые нуждаются в дополнительной помощи, для них необходимо составить список из составляющих предложений, слов, это поможет им начать идею.

Помочь учащимся достичь высокого уровня является главной нашей за-



дачей, но с нашей стороны предложение нескольких вариантов достижения такого уровня является неотъемлемой частью нашей профессиональной деятельности. А получение и развитие тех навыков, которые они получают на уроке Наук (Science), в итоге ученикам, дают огромную возможность быстрого решения проблемных задач в жизни.

Список литературы:

1. Руководство IB МYP Применение от теории к практике (2014);
2. Разработка уроков, тем в МYP;
3. Дифференциация в МYP Science (Oxford Education);
4. Орлов В.А. Дифференциация обучения и работа с одаренными школьниками.



Победа на международном гастрономическом фестивале «ASTAUFEST 2022»

Аннотация

В данной статье описывается участие команды Павлодарского технологического колледжа в Международном Гастрономическом фестивале «ASTAUFesT 2022», а также победа в номинации «Пекарь года -2022» и «Повар года – 2022».

Ключевые слова: Гастрономический Фестиваль, «ASTAUFesT, конкурс, повар, пекарь, профессия, кондитер, официант, мастерство, блюда, изделие.

Команда студентов Павлодарского технологического колледжа приняла участие в Международном Гастрономическом фестивале «ASTAUFesT 2022» по специальности «Технология и организация производства продукции предприятий питания». На конкурсе Участвовали Лысая Татьяна и Куанышева Алия.

III Международный Гастрономический Фестиваль «ASTAUFesT» прошел в период 5-6 октября 2022 года в

г. Астана. Мероприятие проводится в рамках празднования международного дня повара и направлен на повышение статуса профессий повара, кондитера, официанта в целом, популяризация мастерства высокопрофессиональной кухни, и развитие ресторанного бизнеса. В фестивале приняли участие команды учебных заведения ТиПО, Турции, Кореи, Монголии, Узбекистана.

На конкурсе были следующие номинации:



Номинация «Шеф-повар года 2022»; Номинация «Шеф кондитер года 2022» и Пекарь года 2022 – индивидуальные соревнования с дегустацией, вместе с тем были командные соревнования «SlowFood» и «Сервис класс».

Студент технологического колледжа Лысая Татьяна, с руководителем Дюсюнбековой Шолпан Амантаевной приняла участие в номинации «Пекарь года 2022» заняв 1 место.

Соревнования по данной номинации было организовано в несколько смен соответствии графика. Номинация «Пекарь года 2022» предполагалось индивидуальное участие, с дегустацией. Участники номинации выступали в специально оборудованной площадке. Перед началом соревнования участник предоставили членам жюри, оформленные в соответствии с требованием, технологические карты на изделия и блюда. Рецептуры, многообразие, вес изделий, их форма и декор – выбор предоставлялся конкурсантам. На конкурсе были следующие задание:

- 2 вида хлеба из смеси ржаной и пшеничной муки, два вида хлеба на

базе пшеничной муки. Многообразие хлебов приветствовалось;

- Хлебобулочные изделия для праздника. (Сдобные, гастрономические булочки, фуршетная продукция). Приветствовалось креативные идеи, количество – без ограничений, минимальное количество 3-4 шт.

- «Венская выпечка» рецептуры, многообразие, вес изделий, их форма и декор – выбор предоставлялся конкурсантам. Национальный колорит приветствовался.

Так же для презентации организаторы предоставили выставочное место – экспозиционные столы.

Студент технологического колледжа Куанышева Алия, с руководителем Габдуллиной Мадией Сагандыковной приняла участие в номинации «Повар года 2022» заняв 3 место. Соревнования по данной номинации было организовано в несколько смен соответствии графика. Номинация «Повар года 2022» предполагалось индивидуальное участие, с дегустацией.

На конкурсе «Повар года 2022» были следующие задание:



- Основное горячее ресторанный блюдо;

- Закуска горячая или холодная. Блюда и закуски готовятся на две порции. Старт участникам давали члены жюри с интервалом 5 минут. Время отведенное на приготовление блюд – 60 минут.

Кроме того, в рамках фестиваля, педагоги колледжей приняли участие в научно-практической конференции «Современные образовательные проекты подготовки специалистов сервиса в системе технического и профессионального образования».

Участники фестиваля получили возможность продемонстрировать своё мастерство и навыки, поделиться опы-

том, быть оцененными и получить советы от высоких профессионалов.

Отметим, что фестиваль прошел при поддержке Министерства просвещения РК, НАО «Talap», Управления образования г. Нур-Султан, НПП «Атамекен», ТОО «Концерн «Цесна-Астык», КНАМА PARK, отель Hilton, отель The Ritz-Carlton, отель Rixos President, СМИ «Хабар» и др. Поздравляем наших победителей!

Ш.А. ДЮСЮНБЕКОВА,
преподаватель КГП на ПХВ
«Павлодарского
технологического колледжа»
г. Павлодар



Мәшһүр—Жүсіп Көпейұлының өмірі мен идеялары

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы қазақтың көрнекті ақыны, ойшыл, ғалым, философ, фольклорист, тарихшы, этнограф, шығыстанушы және халық ауыз әдебиетінің үрдісін жалғастырушы. Ол 1858 жылы Қызылтауда Ашамайтас деген жерде қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы Қызылтау аумағында дүниеге келген болатын. Ол кезде әкесі Көпжасар 42 жаста, анасы Ұлбала 18 жаста болды. Азан шақырып қойылған шын аты – *Адамжүсіп* болады. Мәшһүр-Жүсіп Орта жүз Арғыннан тарайтын Бес Мейрам әулетінен, шыққан руы Сүйіндік. 1863-1868 жылы Баянауылда Байжан қазіреттің ұйымдасты-

руымен ашылған медреседе Нәжмеддин молдадан дәріс алады. 1866 жылы Шорманның Мұсасы Адам Жүсіпке «*Мәшһүр*» кастерлі атау беріп, азан шақырып қойған аты Адам Жүсіп Мәшһүр-Жүсіпке ауыстырылды.

1864 жылы 6 жасында Шөкел ұлы Дүржанбай халфеден білім алып «*Шығыс әдебиетімен*» танысады. Осы кезеңде «*Шар кітабын*» тауысып, араб, парсы тілдерін меңгереді. Зерек, суырып салма ақын, талантты бала өзге балалардан ерекшеленіп, көзге түсе бастайды.

1874 жылдан бастап ұстаздық қызмет атқарады. Мәшһүр-Жүсіп 15 жасына дейін Хамеретдин хазіреттің медресе-



сінде білім алады, одан соң 1872 жылы Солтүстік және Орталық Қазақстанның ауыз әдебиетін жинаумен шұғылданады. Білімін жалғастыруды арман етіп, 1873 жылдың жазында Түркістан, Ташкент сапарына шығады. Көне қолжазбалар мен әдеби мұра көп оқиды. 1887 жылы 29 жасында екінші рет Бұқар, Ташкент, Түркістанға сапарға шығады. Сөйтіп Орта Азия Шығыс мәдениетін, ғылымы мен білімін игеріп, түркі тілдерін меңгеріп, еркін сөйлеп, жазуды үйренді. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өмірлік мақсаты болашақ ұрпаққа мол рухани мұра қалдыру болды. 1889-1890 жылдар арасында «Дала уалаяты» газетіне жиі мақала жазып отырды. Осы жылдары «Әңгіме», «Бәрі қысқа, еркін дүниеге келеді екен», «Кедейлікке үш қырсық оралады», «Күн шықпай ерте тұрып», «Білмейді ел өнерлісін аулақ болар» деген бес өлеңі жарияланады.

1907 жылы Қазан қаласында «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты шығармаларын басып шығарды. 1931 жылы Мәшһүр-Жүсіп дүниеден озды. Ғұлама ақынның өмірі туралы шөбересі Әсет ата айтуымен шәкірті Иманғали Мәненұлы, (құйма құлақ) туралы жиені Қасенғали Жүсіпов, «Қара жәшік» жазбасын араб әрпінен бүгінгі әріпке аударған құдасы Алдабергенұлы Төлепберген ақсақал болды. Мәшһүр-Жүсіп орыс тілін меңгеру арқылы Батыс өркениетінің ғылыми жаңалықтарымен танысып, *тарих, этнология, ауыз әдебиеті, философия, медицина, космология* салаларына бағытталған ғылыми еңбектер жазып қалдырды.

Мәшһүр-Жүсіптің өлеңдері оқу, кәсіп меңгеру, ізгілікке ұмтылу, қазақ ті-

лін, рухын, мәдениетін сақтау, имандылықтан бастау алады. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының 4-томына енген: «Кедейліктің арқаны», «Өлім алдындағы хал», «Бақ құсы» өлеңдерінің мазмұнына тоқталсақ жастарды сабақ оқуға, еңбек етуге, еріншектікке салынбауға үгіттейді. Сонымен қатар «Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге», «Ұқыпты әйел», «Салақтық - дерт», «Күліктің атқамінерлеріне», «Дүниеге жарасады күн менен ай» туындылары жетістікке жету, кемшіліктен құтылу жолдарына итермелейді. Білмей істелген жаңсақ қадамның қауіпті екендігін дәлелдейді. Сондай ақ «Кәф пен Нон», «Құдайым жексенбі күн жер жаратты», «Абыраһа мен Мұтылаб», «Мұхаммед пен Әбужаһил», «Мұхаммедке пайғамбарлық келгені», «Ғалының ниеті», «Ықылас сүресі», «Сүлеймен мен Ібіліс» және «Адам ата мен Шайтан», «Пайғамбардың нұры», «Ораза туралы», «Расулдың өлімі» өлеңдері аңыз әңгімелерге негізделген. Мәшһүр-Жүсіптің 1907 жылы Қазан қаласында «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз» кітабы жарық көрді. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев «Тірлікте көп жасағаннан көрген тамашамыз» жинағына енген «Соқыр, саңырау және жалаңаш» өлеңі адам бойындағы жаман қасиеттерден жирендіріп, адамгершілікке, елін, жерін сүйуге, өнер-білімге, ұлттық қазынамызды қастерлеуге тәрбиелеу, оқушылардың танымдық қызығушылығын, шығармашылық қабілетін, өзіндік ізденісін дамытуға бағытталады. Мәшһүр-Жүсіптің өлеңдерінің негізгі желісі — рухани оянуға шақыру. Ақынның әлеуметтік-саяси тақырыптарды кең қамтыған күрделі туындысы — жоғарыда тілге тиек болған «Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі». Мұнда



қазақ халқының қоғамдық ауыр күндегі халіне шолу жасалынады.

Мәшһүр-Жүсіптің өлендерінің ішінде «Тапсырдым бір құдайға мен басымды» деп келетін «Анама хат» атты шығармасы мен «*Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзі*» атты туындысының орны ерекше. Мәшһүр-Жүсіп өлендерінің айрықша бір қасиеті – қарапайымдылығында. Оның шығармашылығының түпкі мақсаты – қазақ қоғамының білімдік, дүниетанымдық деңгейін барынша биікке көтеру, оның руханиятына жаңашыл бағыттағы сарындарды орнықтыру, жастарды білімділікке, тәрбиелілікке, өнегелілікке баулу болып табылады. Мәшһүр-Жүсіптің «*Бір әйелдің ботасын жоқтағаны*», «*Бопы төренің қарындасын жоқтағаны*», «*Жоқтау өлеңдері*», «*Жұбату*», «*Бата үлгілері*», «*Бақсының сөзі*», «*Беташар*», «*Жар-жар*», «*Жарапазан*», «*Мысал-аңыз үлгілері*», «*Қара өлең*», «*Өтірік өлең*» және т.б. жырларының мазмұнынан салт-дүстүрлердің нағыз рухани құндылығын сезінесіз.

Мәшһүр-Жүсіп: «Жақсы әйел ерге несіп бола қалса, Кім қияр сол қатынның басқан ізін!», - дей отыра «Ұқыпты әйел» деген өлеңінде:

Алған жарың осылай болса керек,
Ғылым, білім, өнерлі, болса зерек.
Ерлерін сондай қатын тәрбиелесе,
Жалғанның азы көбі неге керек! - деп,
тұла бойы тұнған үлгілі әйелдің бейнесін орынды сомдайды. Жаман әйелдің оның қисапсыз әрекетін бейнелеп берді. Әрине, бұл ата-анаға және ауылына үлкен сын болмақ. Сондықтан да көрегенді аналар қыздарын тұлымды кезінен тәрбиелеген. Мәшһүр-Жүсіп ел ішін көп шарлап, ақсақалды қарт, ақ самайлы әжелердің аузынан халық ауыз әде-

биетін жинайды. Сол мақсатпен кейде баратын ауылына жете алмай далаға қонса, кейде таудың ішіндегі бұлақтың басына түнейді. Ақын мал соңында салпақтап күндіз-түні еңбек етіп жүрген кедей шаруаның ауыр азабын, жетім мен жесірдің көз жасын өлеңге қосты. Сол қиындық бейнебір өз басынан өтіп жатқандай сезінді:

Болмайды түн күндізсіз, күндіз-түнсіз,
Ай кірсіз деген сөз бар, Құдай мінсіз.
Шаттық пенен қапалық кезек нәрсе,
Бірінен соң бірі бар артық-кемсіз, -
деген жолдармен дүниенің бірқалыпты тұрмай өзгертінін, алдағы жақсы күннен күдер үзбеу керектігін жырлайды, елге демеу, сүйеу болып, басу айтады.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармаларында *адамгершілік, имандылық, әділдік, еңбек сүйгіштік, сезім, парызды* сипаттаса, ал кейбірінде адам *жаратылысы, болмысы, жақсылық пен жамандықты* түсіндіреді, ал ендігі бірінде *елде болып жатқан сол кездегі күйді, мұңды* баяндайды.

М.Ж. Көпеев өзінің «Бес қымбат» деген өлеңінде:

«Ең әуел керек нәрсе – иман» - деген...
«Екінші керек нәрсе – ғақыл» - деген...
«Үшінші қымбат нәрсе – сабыр!» - деген...
«Төртінші, қымбат нәрсе – шүкір» - деген...
«Бесінші, қымбат нәрсе – әдеп» - деген...

«*Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамаша*» деген кітабындағы өлең жолдарында:

«Сөйлесе жұрт пайдасын білген ерлер,
Хакімдер атып тастар көзін жойып.
Қалайша Россияның әділдігі,
Мүшелер терімізді малша сойып,
Жіберсін біздің жаққа нағып қиып.
Білгіштер ілфәттасып арыз айтып,
Шығарған манифисті басын жиып.



Қылғаны хакімдердің бізге зорлық,
Низамға тура келмес ісі сиып.

Әділдік, сол кездегі әр бір қазақтың
күйін, бейнесін, өмірін, ойын білдір-
ген азаматтардың өмірінің қиындығын,
зорлық-зомбылықты сомдаған. Ақын-
ның «Адам екі түрлі» өлеңінде:

Бір адам бар: өрік, мейіз ағашы сы-
қылды,

Жемісінен дүние жүзі баһра алады.

Бір адам бар терек ағашы сықылды,

Отқа отын болғаннан басқаға жара-
майды, - делінген. Мәшһүр-Жүсіп мі-
нез-құлық қасиетіне үлкен мән бере
отырып: «*Бойыңа жалқаулықты үйір
қылсаң, жүрерсің көрінгенге көзің сүзіп*»,
- дейді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің «*Фибрат-
нама*» өлеңінің астары *адамгершілік пен
мейірімділікке* арнап жазылған.

Адамға, ұят, иман, сабыр-қазық,

Қанағат, рақым, шапағат өмірге озық.

Ақыл, ой, ар, намыстың күзетшісі,

Бұған сенсең кетпейсің жолдан азып.

Бұл өлеңнің мазмұнын ашыңқырап
айтар болсақ, адам ешқашан жаман
болмайды. Адамның мінез-құлқы, іс-
-әрекеті жаман бола алады. Адамдар-
дың ішінде мінезі қатып қалғаны да
болмайды. Істеген ісі, сөйлеген сөзі
тікелей адамның өзіне байланысты
немесе өзінің жүріп-тұрып жүрген
ортасына да байланысты. Өз ортаң-
да сыйлы болғың келсе, ең алдымен,
*адамгершілікке, мейірімділік пен қайы-
рымдылыққа* жақын бол дейді. Ынты-
мағымыз бен бірлігіміздің, адамгерші-
лік пен сүйіспеншілігіміздің күшімен
одан әрі көтеріп, өзге елдің алдында
үлгі болайық, - дейді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің шығарма-
шылығы *бауырластық, ортақтастық,*

мүдделестік сезімдерін бәрінен жоғары
қояды. Адам бойындағы *аңқаулық, көр-
сеқызарлық, пайдакүнөмдік* — ақылсыз-
дыққа баласа, *ұстамдылық, мінезге бай-
лық, жомарттықты* бағалы қасиеттерге
жатқызады. Сонымен қатар ақын апта-
ның әр күніне ерекше сипаттама береді.

Мысалы:

Жексенбі күні — денсаулық

Дүйсенбі күні — бақ-дәулет шалқыйды

Сейсенбі күні — дос өзгереді

Сәрсенбі күні — пайда

Бейсенбі күні — дұшпаннан сақтан

Жұма күні — садақа бер

Сенбі күні — періштелер көңіл аударады

Мәшһүр-Жүсіп адам бойындағы асыл
қасиеттер — *кісіліктің* туындап қалып-
тасуының құнары. Кісіні қалыптасты-
ру үшін оның тамырын тереңге жайып,
осы құнардан нәр алатындай дәрежеге
жеткізу шарт деген болатын. Мәшһүр-
Жүсіп Көпейұлының өмірі мен идеяла-
рының өскелең ұрпақ тәрбиесінде ма-
ңыздылығын дәріптеп отыру қажет деп
есептеймін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психология-
сының тарихы. — Алматы: Қазақстан,
1966. — 160 б.

2. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев / Құрасты-
рушылар: С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Сатер-
шинов, А.Д. Шағырбаев. — Алматы: ҚР
БҒМ ҒК Философия, саясаттану және
дінтану институты, 2013. — 359 б.

Орынкуль Сагынбаевна
ЕСКЕНТАЕВА,

№22 мектеп-гимназияның қазақ тілі
мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.



Арқаның арқалы күйшілері

Қазақтың дәстүрлі ұлттық музыкасы, оның ішінде күй жанры, халқымыз үшін аса жемісті кезеңін ХІХ-ХХ ғ.ғ. аралығын айтуға болады. Бұл кезең қазақтың күйшілік өнері дәуірлей өсіп, мазмұн-маңызымен, тақырыптық кеңдігімен, көлемінің молдығымен, әуен, саздарының айшықты да ауқымды кәсіби жоғары деңгейлерімен ерекшеленеді. Құрманғазы, Дина, Мәмен, Сейтек, Сүгір сияқты тағы басқа дәулескер күйшілер қазақтың ұлттық музыкасының дәреже деңгейін асқақтата биіктен танытып, жалпы адамзаттық рухани асыл мұралардың інжу-маржандары қатарына қосты.

Бүгінгі кешіміз «Арқаның арқалы күйшілері» осы шертпе күйдің майталманы Тәттімбет Қазанғапұлының 200 жылдығына арналады. Тәттімбет Қазанғапұлы 1815 жылы қазақ елінің қалың жұртына өзінің қайталанбас дара тұлғасымен, ерекше талантымен танылған туған халқымыздың маңдайына біткен дүлділері мен жарық жұлдыздарының бірі. Ол Қарқаралы Егіндібұлақ елдімекендері аумағындағы Дастар тауының етегіндегі ежелден Мыржық аталатын жердегі Мөшеке бұлағында туып, 45 жас өмір сүріп, 1860 жылы дүниеден өтеді.

Тәттімбет домбыра аспабының әуендік мүмкіндігін сарқа пайдаланып, орындаушылық амалдарының сан түрін қолданысқа енгізген. Аспаптың құлақ-күйін келтірудің өзіне де күй шығарып, өзіндік саздық үрдіспен қатар шеберлік жүйесін де құрды. Тәттімбеттің ежелгі жорық сарындары негіз болған «бозайғыр», «азаматқожа», «бестөре» күйлеріндегі әуендік даму тәсілдері күй өнерінде сирек

кездесетін шығармашыл тапқырлықты байқатады. Тәттімбет шеберлігінің жанжақты дамығандығын оның күйлерінің құрылымдық және саздық ерекшеліктері-ақ анық айқындап тұр «Саржайлау» күйіндегі дыбыстық түзілім, ырғақтық алмасу, аспап мүмкіндігінің жеріне жете пайдалануы күй өнерінде көп кездеспейтін жаңа үрдіс, тәсіл. Мұның өзі классикалық үлгіге ғана тән дара қасиет болып табылады.

1) «Саржайлау» күйі орындалады.

Шертпе Күй дәстүрінде «Қосбасар» атты тармақты күйлер тізбегі кең өріс алып, жоғары кәсіби деңгейде дамыған. Әйгілі Байжігіт дәуірінен бастау алып, Тәттімбет шығармашылығында шырқау шегіне жеткен бұл күйлердің жалпы аттары ортақ болғанымен, заттары бөлек. Әрбір «Қырық тармақты Қосбасардың» өзіндік құрылымы, саздық жүйесі, орындалу ерекшеліктері бар. Бізге жеткен Тәттімбеттің әр «Қосбасарының» өзіндік айтар ойы, дараланған ырғағы мен сазы бар, түрлі мағына мен сезімге құрылған, жеке-дара көркем туындылар ретінде қабылданады. Қазіргі таңда Тәттімбет «Қосбасарлары» нақтылы он екі түрге бөлініп, әрқилы мазмұнға ие болып, кең ауқымда орындалып келеді.

2) Тәттімбеттің күйі «Қосбасар» V түрі. Күйді жеткізген Жаппас Қаламбаев 1909-1970 ж.ж. Ол кобыз бен домбыраны тең меңгерген, аса сауатты күйші болған. Қосбасар үрдісінің классикалық үлгісі деуге әбден болатын, аса құнды шығарма.

Күй орындалады.

Тәттімбеттің келесі туындыларының бірі «Былқылдақ» күйі. Ел аузында-



ғы ауызша деректерге қарағанда күйші «Былқылдақ» күйін Қарқаралы өңіріндегі Былқылдақ деп аталатын жайлауға арнаған екен. Бұл туралы У. Бекенов былай келтіреді: «Оның сазынан, күйден мөлдіреп аққан бұлақтың сылдырын, тоғайда ән салған құстардың даусын естігендей боласыз».

3) Күйді қазақтың көне аспабы қыл қобызда тамашалайық.

Қыл қобызда күй орындау.

Тәттімбеттің бізге жеткен 40-тан аса күйлері белгілі. Ұлан-ғайыр әсем табиғатына арналған Саржайлау, Жаз қызығы, Акку, Құр ойнақ, белгілі тұлғаға арнаған Бес төре, Айдос, Мыржық, Молқара, Арғы атасына арналған Бертіс, т.б. күйлері бар. Осындай туындыларының бірі Көкейкесті күйі. Тәттімбет бұл күйді өзі қатты науқастанып жатқан шағында шығарған екен. Күйшінің сырқаттанып жатқанын білген сырлас дос-жарандары хал ауқатын білуге Тәттімбеттің үйіне келеді. Күйшінің көңіл-күйін сұрай отырып, күйшіні әңгімеге тартып, күйлерінің ел арасында таралып бара жатқанын арқау етеді. Тәттімбет ишарат білдіріп домбырасына қол созады. Отырғандар жүкте сүйеулі тұрған қоңыр домбырасын қолына береді. Тәттімбет жастығын биіктетіріп, домбырасын кеудесіне қойып, шалқалап жатып біртолғанысты күй тартады. Бұл қай күй болды деушілерге, күйімнің аты Көкейкесті болсын деген екен. Бұл күй-Тәттімбеттің домбырашы інісі Жақсымбет арқылы елге тарап, кейінгі ұрпаққа қалған екен.

4) «Көкейкесті» күйі орындалады.

Арқаның әйгілі Кетбұға, Асанқайғы, Байжігіт күйшілерінен бастау алатын ерекше музыкалық мәдениетті Тәттімбеттей ірі тұлға дамытып, қалыптастыр-

ған. Ендігі кезекті осы Тәттімбеттің күйшілік мектебін жалғастырушы шәкірттері, замандастарына жалпы арқаның күйшілеріне тоқталайық. Біртуар күйшінің жолын Тоқа, Итаяқ, Ықылас, Дайрабай, Қыздарбек сынды біртуар күйшілер ары қарай ұзартты. Осындай рухани үрдістің дәстүрлі жолы Арқада мейлінше кең өріс алған. Арқадағы күйшілік жолдың келесі көшін Әшімтай, Әбди, Аққыз, Ақмолда сияқты арқалы күйшілері жалғастырған.

Тоқа Шоңманұлы 1830-1914 жж. - есімі Тәттімбетпен қатар аталатын, аса танымал күйші композитор. Тоқа қазіргі Қарағанды облысы, Жанаарқа ауданындағы Көктал өзенінің бойында өмірге келген. Тоқаны замандастары шыққан руына қарай Сайдалы Сары Тоқа деп атап кеткен. Тоқа Тәттімбеттің күйшілік дәстүрінен тәлім алған, сол үрдісті өзіндік жолмен дамыта білген шебер күйші.

Тоқа шығармашылығының көркемдік биігі – оның «Қосбасарларында» шоғырланған. Мұндағы «Қосбасарлардың» айтар ойы бөлек, сипаты мен сымбаты да әр алуан. Қазір тыңдайтындарыңыз Қосбасардың екінші түрі. Ахат Байбосыновтың орындауында жеткен бұл күйде нәзіктік, байсалды толғау басым келеді. Дәстүрлі жанрдағы саздық суреткерлік, әсерлі әуездік бөлімдер күй бойынан еркін байқалып тұр.

5) Сахнада осы күй орындалады.

Арқада Тәттімбеттен кейін аты аталатын Сайдалы Сары Тоқа күйшілігінің ізі қаратаулық үрдісте сақталған. Бетбақдаланың күйшісі Сүгір Әліұлы 1882-1961жж. ескі күйшіліктің салтын сақтаған ең соңғы домбырашы, ол күйді екі тартқызбай қайталау, жанынан суырып салып күй шығару, таңнан-таңға күй толғау сияқты бұрынғы өнерпаздардың



жолын ұстанған дарын иесі болды. Сүгірдің шәкірттерінің бірі Төлеген Момбеков. Ол 1918 жылы Шымкент облысында дүниеге келген. Алғашқыда күйші өз атасы Бапыштан тәлім алады. Одан Сүгірдің орындау мәнерін жетік үйренеді. Домбырашы, композитор-күйші, ҚазССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қайраткер Төлеген Момбековтың «Тел қоңыр», «Бес жорға», «Шалқыма», күйлерін орындауда ол жаңа стильдік жаңалықтар ендірді. «Салтанат», «Мешін», «Қат-қабат», «Анама», «Қоштасу», «Қаратау шертпесі» сияқты күйлерінің авторы.

б) Төлеген Момбековтың «Салтанат» күйі орындалады.

Келесі шертпе күй ізін жалғастырушы ХХ ғасырдың майталманы шертпе күй шебері, Қазақстанның халық әртісі Ма-

ғауия Хамзин 1927-2000 жж. Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Қоңырат ауылында туған. Арқалы күйші жаңа жоғарыда айтып өткеніміздей Аққыз әжейдің шәкірті.

М. Хамзин – Тәттімбет, Тоқа, Әшімтай, Аққыз, Сатан сынды күйшілер мұрасын бүгінгі күнге жеткізуші, сондай-ақ өз жанынан 40-тан астам күй шығарған, айта кетсек: «Жайлау», «Жарыс», «Тоқырауын толғауы», «Белгісіз солдат». М. Хамзин халыққа кеңінен танымал күйші-композитор.

Бахытжан Токкуловна АБИШЕВА,
«Bayterek 2050» жеке мектебінің музыка
пәні мұғалімі.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.



Бастауыш сынып оқушыларының жазу каллиграфиясын дамыту

Мектептегі оқыту үрдісі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сауат ашу жұмысының негізгі мақсаты – балаға хат таныту, яғни оған жазу мен оқуды үйрету. Сауат ашу – аса жауапты да, күрделі жұмыс. Өйткені сауат ашу кезеңінде оқушылар дыбысты әріппен таңбалай білуге үйретіліп қоймайды, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Сауат ашудың міндеті – әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса солай жазбай, оңға қарай, біркелкі көлбеу, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті тұр. Осы талаптарды орындау негізінде оқушының

көркем жазу дағдысы (каллиграфия) қалыптасады. Осыны қалыптастыру үшін уақытты тиімді пайдалану керек, яғни берілген көркем жазу факультативтерді толығымен қолданып, күнтізбелік жоспарды дұрыс жоспарлау қажет.

Әдемі жазу – өнер. Таза, анық, әдемі жазылған жұмысты оқу да жеңіл, ондай жазумен берілген ойды түсіну де оңай. Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың оқушы бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы бар. Мектепке алғаш келгеннен бастап, баланың жазуына жете көңіл бөлмеу көп жағдайда оның өз ісіне салақ қарауына,



жауапкершілікті сезінбеуге әкеп соғады. Таза, әдемі жазуды талап ету – мұғалімнің міндеті болып табылады, оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке, ұқыптылыққа үйретеді. Әдемі, анық жазуға үйрету арқылы мұғалім оқушыны еңбексүйгіштікке, әсемдікке тәрбиелейді.

Көркем жазудың ойдағыдай болуы гигиеналық талаптарды орындаудың нәтижесіне де байланысты болады. Көркем жазу пәнінің алғашқы сабақтарында оқушылардың жеке басына және мектепке қойылатын гигиеналық талаптар мен сынып жиһаздарының дұрыс орналасуы, тақта мен парта арасындағы қашықтықтың сақталуы, жарықтың дұрыс түсуі, партаның оқушы бойына сәйкес болуы немесе оның жазу кезіндегі ыңғайлылығы, оқушының партаға дұрыс отыра білуі, дәптер мен көру арақашықтығын сақтауы, жазу құралдарын тиімді пайдалануын ескеруі шарт. Жазу процесінде оқушы дұрыс отыру керек, қаламды дұрыс ұстауы, дәптерді партаға орналастыру, осының бәрі баланың көзіне, жазуына, жұмыс жасау қабілетіне әсерін тигізеді. Отырғанда орындық партаға кіріп тұруы керек, сол қол дәптерді басып тұрады, ал оң қолдың басы дәптерде жатады. Бала мен партаның арасына жұдырық сиятындай болуы керек. Көз бен дәптердің арасы 30-35 см болуы шарт. Жарық сол жақтан түсу керек. Жазу ұзақтығы әр сыныпта әр түрлі: 1-сыныпта 5 минут, 2-сыныпта 8 минут, 3-сыныпта 12 минут, 4-сыныпта 15 минут. Уақыттан асырып жазуға болмайды – ұзақ жазу баланы шаршатады. Сергіту жаттығуларын жасаған жөн.

Жазуды үйренуде мына принциптерді сақтау керек:

Көрнекілік принципі: мұғалім тақтаға, дәптерге, кестеге көрнекіліктер арқылы жазып көрсетеді.

Сапалылық принципі: мұғалім басында не үшін қиғашынан жазады, әріптерді жазуды қалай бастайды, әріптердің биіктігі қандай болу керек екенін түсіндіреді. Қиғашынан жазу тез әрі ыңғайлы.

Қайталау принципі: жаттығу орындау кезінде пайдаланады. Жазылған нәрсеге міндетті түрде анализ беріледі. Баланың жазған жазуын, дұрыстығын тексеріп отыру керек.

Генетикалық принципі, алғашында жеңіл әріптер, содан соң салынуы қиын әріптер мысалы а, о, ш, т, п, н,.... қолы жаттыққаннан кейін қ, ж, б, в, ф, т, с.

Жеке дара ерекшелігін ескеру принципі: оқушылардың көз нашарлығы, бас ауруы, жүрек ауруы, т.б. ескеріп отыруы қажет. Барлық бала бірдей емес, олардың жас ерекшеліктері, ойлау қабілеттері әр түрлі.

Сондықтан да жазу каллиграфиялары әр түрлі. Біреуі өте жақсы, біреулері өте нашар жазады. Нашар жазатын оқушылармен жеке жұмыс жасау талап етіледі.

Каллиграфиялық жазуды қалыптастырудың негізгі әдістері:

Мұғалім жазу үлгісін өзі тақтаға қайта-қайта жазып көрсетуі тиіс.

Ауада жазу. Ұстаз әріпті ауада жазып көрсетеді. Бала қолдың қозғалысынан әріптің дұрыс формасын ұғады. Бұл әдіс оқу процесін жандандырады.

Көшірмесін түсіру әдісі. Көшіріп жазу әдісі бойынша мұғалім дәптерге қарындашпен жазады немесе әріп таңбаларын нүктемен белгілейді. Ал оқушылар оның үстінен басып жазады.

Дайын үлгіден көшіру әдісі. Бұл елік-



теу. Оқушы өз жазғанын ұстаздың жазғанымен салыстырады.

Әріпке анализ жасау әдісі. Мысалы: а әріпі бір дөңгелектен және бір ілмешектен тұрады.

Тактикалық немесе ритмикалық әдіс. Ритм – бүкіл жазу элементтерінің лайықты үйлесімін табуға көмектесетін амал.

«Орнын белгіле» жаттығуы. Дәптерге алдын ала сөздер жазылады. Оқушылар әріп элементтерінің және әріптердің байланысу орнын белгілейді.

«Әріпті тап» жаттығуы. Әріптің бір немесе екі элементі жазылады да, оқушылар қалаған элементін тауып жазып көрсетеді.

«Ғажайып алаң» ойыны. Тақтаға сөз жасырылады. Мұғалім жасырылған сөздің әрбір әрпін элементтері бойынша сипаттап айтады да, ал оқушылар қандай әріп екенін айтады.

Сауат ашу кезеңінде жоғарыдағы жұмыс түрлерін жүргізу арқылы, оқушылардың дыбыстарды бұзып айту тәрізді кемшіліктері түзетіліп, оқығанын, естігенін екінші адамға айтып беруге машықтанатын болады, баланың ойы дамып жетіледі.

Қорыта айтқанда, сауатты болудың алғы шарты әріптерді үйретуден басталады. Әріп элементтерін дұрыс, бір-бірінен ажыратып жазу ережелерін сақтағанда ғана бала сауатты жаза алады. Оқушыларды сауаттылыққа үйрету – әр мұғалімнің шығармашылық еңбегіне байланысты.

Ақмарал Омаровна СӘРСЕНБЕКОВА,
Дубовка жалпы білім беретін мектептің
бастауыш сынып мұғалімі.

Абай ауданы,
Қарағанды облысы.



Бастауыш сынып оқушыларының зияттылық қабілетін қалыптастыру



Жулдызай Алпысовна
УТУЛИНА,
№115 жалпы білім
беретін мектептің
бастауыш сынып
мұғалімі.
Қостанай қаласы.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 3-бабы бойынша білім беру саясаты қағидаларының бірін-

де: «...әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігінің болуы», - делінген. Зияттылық – (лат. *intellectus* – таным, ұғыну, аңдау) – жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты. Зияттылық – адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Зияттылық – ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті.



Зияттылығы жоғары баланың жеке әлемі мен оны қоршаған орта арасындағы өзара байланысты ықпал жүйесі. Қоршаған орта балаға тән қабілеттерді (интеллект, креативтілік, талант) оятып, дамытады. Осы арқылы баланың «мені» беки түсіп, соның арқасында тәуекелге бел буады және бірнәрсеге қатысуға белсенділік пайда болады, қажырлық, шыдамдылық, табандылықтың арқасында жетістікке жетеді.

Зияттылық – ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті. *Зияттылық функциялары оқуға деген қабілеттілік*: қоршаған болмысының заңдылықтарын белсенді меңгеруге қабілеттілік. Бірқатар психологиялық тұжырымдамаларда *зияттылық* ақыл-ой операцияларының жүйесімен теңестіріледі. Зияттылық жеке адамның эмоциялық-еріктік ерекшеліктерімен байланысты. Зияттылық функциялары төмендегідей бөлінеді:

- оқуға деген қабілеттілік;
- қоршаған болмысының заңдылықтарын белсенді меңгеруге деген қабілеттілік.

Н.С. Лейтес дарынды балалар ақыл-ойының дамуын зерттей отырып, оны қарапайым оқушылардың жас ерекшеліктерімен салыстыра отырып, жалпы дарындылық жалпы қабілеттіліктің жиынтығын білдіреді деген шешімге келген. Жалпы қабілеттілік деп адамның ақыл-ой қабілеттілігі аталады (арнайы қабілеттіліктен бөлек, мысалы, музыкаға, бейнелеу өнеріне), себебі олар іс-әрекеттің әр алуан түрлерінде кең байқалады да осы мағынада бәріне ортақ болады. Сондықтан автордың ойынша, ақыл-ой қабілеттілігі (немесе жай қабілеттілік)

жас нормаларынан артықшылығы бар интеллектуалды даму деңгейі болып сипатталады. Осы ретте Н.С. Лейтес «дарынды бала» термині жетімсіз, өйткені мұнда туа біткен «табиғи дарын» деген мағына басым көрінеді, дарындылықтың дамуында «анатомиялық-физиологиялық» ерекшеліктерден гөрі онын, қалыптасуына, дамуына әлеуметтік орта көп әсер етеді, - деп атап көрсетеді. АҚШ-та және бірқатар Еуропа елдерінде балалар дарындылығын зерттеу қарқынды жүргізілуде. 1972 жылы АҚШ-тың білім беру Комитеті қазірге дейін американдық мамандар пайдаланып жүрген дарындылықтың келесі анықтамасын жариялады: тәжірибелі мамандардың бағасы бойынша, дарынды және талантты балалар деп керемет қабілеттілігі арқасында төменде келтірілген іс-әрекеттердің бір немесе бірнешеуі аясында жоғары жетістіктерге жеткендер (немесе әлеуметті мүмкіндігі бар) саналады:

- интеллектуалды;
- академиялық;
- шығармашылық немесе нәтижелі ойлау қабілеті;
- сұхбаттасу және лидерлік;
- көркемөнер;
- психомоторлық деп түсіндіреді.

1970 жылдары ұсынған ағылшын ғалымы Тони Бьюзен (Tony Buzan) «*Интеллект-карта*» қазақша «*Ой-зерде картасы*» оқушылардың зияткерлік қабілетін дамытуда маңызды әдістердің бірі. Бұл әдісті ассоциативтік әдісі деп те атайды. Оқушылар әдетте мидың «қисынды ойлайтын» сол жақ жартысымен жұмыс істейді. Ал олардың миларының екі жартысы бірдей жұмыс істеуі үшін білімді графикалық (сызық бейнелік) түрлерге түсіру керек. Графика тек қисындық-а-



налитикалық қана емес, сонымен бірге образдық-шығармашылық ойды да өрістетеді. Бұл әдіс ой мазмұнын белгілі бір деңгейлерге жіктеуге, оны белгілі бір құрамдас бөліктерге бөлуге және олардың ара байланыстарын анықтауға көмектеседі. Осы жақтарынан алғанда ассоциативтік әдіс:

- жалпылық ойлар түйіндеуге;
- кешендік жүйені елестетуге;
- мәтін мен ұғымдарды жүйелеуге;
- жазылған/белгіленген бейнелерді немесе оқу материалдарын шолуға;
- жобаны жоспарлауға;
- оқу материалдарын тереңдетуге және нығайтуға;
- идеяларды жинауға және біріктіріп құруға көмектеседі.

Зерттеушілердің талдауы бойынша, 20-30 сөзден тұратын ой карталық парақтағы деректер 20-30 беттен тұратын баяндама мәтініне тең келеді деп есептейді. Әрбір түйінді сөздер мен ұғымдардың мазмұны үлкен теориялық-әдіснамалық мәселелерді көрсетеді, соларды еске түсіреді.

Ассоциограммалық әдісті жасаудың реті:

Тақырыпты үлкен табақ қағаздың ортасына жазу немесе сызу керек (қағазды альбом түрінде пайдаланған ұтымды);

Басты бұтақтар: ортада жазылған тақырыптан басты сызықтар таратылып сызылады. Олар тақырып мазмұнын әр түрлі аймақтарға бөледі. Оларға басты ұғымдар бас әріптермен жазылады;

Сызықтар: басты сызықтардан қосалқы екінші деңгейлі сызықтар таратылады. Олардың қанша болатындығына шек қойылмайды; олар басты ұғым-ойлардың ішкі мазмұндарын жіктеуге көмектеседі;

Түзетулер: түсіндіруде қолданылған басты немесе қосалқы ұғымдар мен сөздер дөңгелектеліп, төртбұрыштармен қоршалып, үстінен торланып сызылады немесе алаңсыз өшіріледі;

Қосымша бейнелер: ой мазмұнын көрнекті етіп, түсініктілігін үстемелеу үшін суреттер, таңбалар пайдаланылуы және олар әртүрлі бояулы түстермен жазылуы мүмкін;

Сөйлем емес, жеке сөз(дер)ді ғана жазу. Бірнеше қатар болатын сөйлем жазуға алаңсыз болмайды;

Жоғарыдан төменге емес, солдан оңға қарай жазылған сөздер жақсы қабылданды;

3-4 түсті фломастерден көп түсті пайдалану адам көзін бұлдыратады. Әр түсті белгілі бір мағынаны белгілеуге қолданған дұрыс.

Басты идея мен оның мазмұнын талдау барысында кез келген жаңа ойларды қосып сызуға, жазуға болады. Ондай талдаулар барысында ең жоғары абстрактылы ұғымдар мен ойлардан олардың нақтылы мазмұндарына, мысалдарына өткен орынды.

Ой-зерде картасы – адамның көпмөлшерлі ойлау үдерісінің графикалық нұсқасы. Бұл ойлау үдерісінің өте үлкен әмбебапты мүмкіндіктерін айқын көрсетудің аса маңызды құралы. Ақыл картасы әдісін өмірдің кез келген аясындағы көріністер туралы ойлауды сипаттау үшін қолдануға болады. Ол өмірдің әр түрлі жағдайларында туындайтын проблемаларды шешу мен адамның атқаратын міндеттерін жүзеге асыру барысында дамитын зерде қабілеттерін ашуға көмектеседі. Ақыл картасы адамның бірімөлшерлі (себепсалдарлық, «иә» немесе «жоқ» деген



сияқты) сызықтық қисынмен ойлау қабілетін дамытып, латералдық (екі мөлшерлі немесе дағдыдан тыс), яғни көпмөлшерлі, шектеусіз ойлауды бейнелік, көрнекті құралдар арқылы дамыту.

Ақыл картасының төрт базалық ерекшеліктері бар. Олар:

адам зейіні мен зердесі ең басты идеяға – бейне/объектіге (образға) бағытталады;

ең басты идеядан – бейне/объекттен (образдан) басты тақырып пен оның мазмұнын жіктейтін екінші деңгейдегі идеялар бұтақтар түрінде тарайды;

тақырып, басты және екінші деңгейлі идеялар ұғымдар, сөздер түрінде белгіленеді; екінші деңгейлі идеялардан да қосалқы (үшінші, кейде төртінші деңгейлі) идеялар, түсініктер, атау сөздер де бұтақтар түрінде тарайды;

барлық ұғымдық (атаулық) сөздер арасындағы бұтақтар байланысы құрылым (жүйе) түрінде біріктіріледі.

Ой-зерде картасының сапасы мен тиімділігі оны жасауда пайдаланылатын

символдар, аббревиатуралар, суреттер әртүрлі бояулармен, үшмөлшерлі кеңістік түрінде де жасалса, онда картаның қызықтылығы, тартымдылығы, сонылығы және тиімділігі артады. Бұлардың барлығы, картаны жасау және пайдалану кезінде жаңа идеяларды туындату және жетілдіру үшін біздің шығармашылық қабілеттерімізді үстемелейді. Сонымен бірге олар картадағы деректерді есте сақтауды жеңілдетеді.

Mind map адам зердесіндегі бұрыннан сақталған деректерді жаңа мәселелерді түсіну және шешуде аса тиімді түрде пайдалануға көмектеседі, бұл үдеріс адамның есте сақтау және зерделік қабілеттерін жетілдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Пиаже Ж. Психология интеллекта. – СПб.: Питер, 2003. - 192 с.
2. Креативность и творческие способности личности. Теории, принципы и карты развития: Монография / Мынбаева А.К., Вишневская А.В., Галимова Н.Р. – Алматы, 2015. - с.147.

Шешендік сөздердің жанрлық ерекшеліктері

Қазақ фольклорының өзіне ғана тән өзгеше жанрларының бірі – шешендік сөздер. Ұлттық фольклордың ерекшеліктерін көрсету, ең алдымен, өзге халықтарда жоқ немесе сирек кездесетін осындай жанрларды зерттеу ісінен басталуы керектігі сөзсіз. Шешендік сөз суырып салма ақындықты көрсете-

ді. Шешендік сөз құдіретін шындықты ашып, әділетті үкім кесуге жұмсаған билер, шешендер нағыз диалектиканың өкілдері болған. Шешендік сөз ақындық, жыраулық, жыршылық айтыс сынды қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшелігін көрсететін негізгі жанр болып табылады. Шебер сөйлеу, айтқан сөзін



нысанаға дәл тиюді үйрену үшін ежелгі шешендік сөздерді жаттау, оның қыры мен сырын жете менгерудің мәні зор. Өйткені халық даналығының мазмұны мақал, мәтелдерде беріледі және олар сөз мәйегі, ойды ұшқыр айтудың үлгілері ретінде көрініс береді.

Шешендік сөздер көркем әдебиетінің жанрлары: ертегі, қара өлең, термелер т.б олар ойынды өрістетіп, тапқырлыққа баулып, үлгі насихат арқылы тыңдаушының таным дүиесін кеңейтіп, биік адамгершілік қасиеттерге үндеп қана қоймайды, олар сонымен қатар, қазақ даласында әлеуметтік қызмет атқару ерекшелігімен де дараланады. Шешендік сөз парасатты ойға, ұшқыр шешімге, тапқыр логикаға негізделіп құрылады. Шешендік сөз айтылған ойға әрі қисынды, әрі жедел жауап қайтаруды сипаттайды.

А. Байтұрсынов еңбегінде «шешен сөз» деген атаумен фольклорлық шешендік сөздерді ғана емес, кейінгі замандардағы шешендік өнер үлгілерін де берген. Олардың түрлерін көрсетіп, құрылымдық негізін көрсетсе, С. Мұқанов «Халық мұрасы» атты зерттеуінде қазақ билерінің басты қасиеттері, оның қоғамдық қызметі, олардың қолданған басты заңдары, сайлану тәртібі, кейінгі замандардағы билердің жайкүйі, шешетін дауларының түрлері сияқты мәселелерге көңіл бөледі.

Б. Адамбаев өзінің «Халық даналығы» монографиясында шешендік сөздердің туындау себептерін, қазақ шешендік өнерінің әлемдік шешендік өнермен байланысын, оның басты ерекшеліктерін, шешендік сөздердің

халықтық сипатын, шешендік өнердің атқарылатын кездерін, қазақ билерінің халық тарапынан сайланатындығын, бұл өнер түрін қалыптастырушы, дамытушы тұлғалар тарихын, осы мәселелер туралы айтылған ғалымдар пікірлерін сараптайды.

Еуропа елдеріне таныстыруда В. Радлов шешендік сөздің айтылу мақсаты – тыңдаушысының ойын оятатын, жүрегін тербеп, толғантып, тебірентіп не болмаса жанын түршіктіріп, жүрегіне әсер ету арқылы оны өзінің пікіріне құлақ астыру. Х. Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиеті тарихы» оқулығында шешендік сөздер авторлық туынды ретінде көрсетіледі. Т. Кәкішов те өзінің еңбегінде шешендік сөздердің тарихына, оның қоғамдық мәніне назар аударады. Орыс тілінде жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихы» еңбегінің 1 томында Б. Ақмұқанова жазған шешендік сөз жайындағы тарауында да көп сөздердің туындау себептеріне, сипатына, құрылымына, таралу ерекшеліктеріне қатынасты мәселелер қозғалады.

А. Бұлдыбаевтың ғылыми зерттеуінде бұрынғы жанрды жіктеумен бірге шешендік суырып салма деген мәселеге назар аударады. Мәселен, «Бұқар елді елдікке ынтымаққа үндесе, Шал ақын шаңырақтың шырқын сақтауға, перзент сүюге, кәріні ізгі ниетпен сыйлауға шақырады. Бұқар жырау дипломат, бірде қайраткер, бірде айыптаушы, сыншы, мақтаушы қызметтеріне түсіп кетіп, сөз өнерін сан қырға таратады. Мақалдап, мысалдап сөйлеу-шешендік, тапқырлық сөздердің қай-қайыссына болса да ортақ. Дегенмен кейбір шешендік



сөздерде мақалдау басым болса, қайсы бірінде мысалдау басым. Шешендік мысалға тән қасиеттердің бірі — біреудің басынан өткен уақиғаны хабарлаған болып, әркімнің басына келетін ортақ жайларды ескерту, немесе жан-жануар тіршілігін, жаратылысын мысалға алып, тыңдаушысына жанама ғибрат беру.

Ата-ананың қадірін,
Балалы болып байқадым.
Ағайынның қадірін,
Қаралы болып байқадым.
Жанашырдың қадірін,

Жалалы болып байқадым, - деген мысалда бір кісінің басынан кешкен уақиға ғана емес, сан кісінің тәжірибе-сімен сыналған өмір шындығы айтылып отыр. Шешендік сөздерде баяндау, диалог-монологтардың аралас келуіне байланысты ондағы эпикалық, драмалық, лирикалық тектерге тән бастаулардың қай-қайсысын жанрлық тұрақты белгі ретінде негіз ету керектігі де оңай шешілетін түйін емес. Сондықтан бұл жанр бірде аңыздық проза, бірде драмалық фольклор, бірде авторлық шығармалар құрамында қарастырылуда. Шешендік сөздердің құрылымдық сипатында да аңыздық проза түрлерінде кездесе бермейтін өзгешеліктер бар.

С. Сейфуллин 1964 жылы жарық көрген 6 томдық шығармалар жинағына енген «Қазақ әдебиеті» атты оқу құралында шешендік сөздердің жанрлық және көркемдік ерекшеліктеріне біршама тоқталған. С. Сейфуллиннің бұл еңбегінде сол тұстағы таптық көзқарастың ықпалы күшті байқалады. Ол қазақ билерін үстем тап өкілі ретінде сынға алып отырғанымен, оның ескі қоғамда

айрықша ықпалға ие болғанын, қоғамдық санаға тигізген әсерін орында атап өтеді. Олардың ескі қоғамдық тәртіптің «сақшысы» болғанын ерекше мән бере баяндайды, оған бірнеше мысалдар келтіреді. Шешендік сөздердің өзгермелілігіне, әр замандағы айтушылардың өз қалауларына қарай бейімдеп айтатынына көңіл бөледі. Фольклорлық шығармалардың атқаратын функциясы, көркемдік категориялары жазба әдебиеттен елеулі деңгейде ерекшеленетіндіктен, олардың жанрлық түрлерін айқындайтын принциптері де өз алдына бөлек болуы тиіс екені анық. Фольклор туындысының жанрын айқындауға қойылатын талаптарды белгілі фольклортанушылардың «жанр» атауына берген анықтамаларынан табуға болады. Шешендік жұмбақ жастардың өзара әзіл үстінде сынасу, сырласу әдістерінің бірі болған. Жиренше шешен бозбала кезінде жылқы суарып тұрған Қарашаштың жеңгесіне жұмбақ әзілмен тиіседі:

...Керілгенің қалай,
Кекендегенің қалай?!

Оған келіншек кенеттен жауап береді.

...Керілгенім — жолым,
Кекендеген — құлыным.

Шешендік жұмбақ әзіл-ермек үшін, немесе ойландыру үшін ғана қолданылмайды. Көбінесе, шешен билер көпшілікке білгірсіп көріну, билік-шешімдерін жұртқа бірден дабырламау үшін қолданылады, кей жағдайда алдын-ала астыртын келісіп алып, көпшілік алдында ресми түрде бір-екі ауыз тұспалмен бітісу әдеттері де болған. Кейде керісінше, ел тілегіне сай шешілген дауды



халық соңынан қорытып, билердің тоқсан ауыз сөзінен тобықтай түйін жасағандығы да байқалады. Шешендік толғаудың бір тармағы – шешендік жауап. Басқа халықтар сияқты қазақ халқы да өзін қоршаған табиғат құбылыстары мен уақиғаларға жіті назар аударып, соған жауап іздеген. Бала – атаға, шәкірт – ұстазға қоятын: «мынау не?», «бұл кім?» - дейтін ұлы сұрақтар бар. Бұл сұрақтарға алдыңғы буын өз тәжірибесіне, ақыл-білім дәрежесіне сүйеніп жауап беруге тырысқан. Сұрақ-жауап түрінде келетін шешендік толғаулар – қазақ халқының сондай сауалдарға тапқан жауабы, табиғат сыры мен өмір заңын анықтауға жасаған алғашқы барлау талабы. Әз Жәнібек ханның алпыс биі болған екен, - дейді бір аңызда. Бір жолы хан билеріне: «Бұл дүниеде не өлмейді?» - деп сұрақ қойыпты. Сонда алпыс биі бір ауыздан: «Асқар тау өлмейді, ай мен күн өлмейді, ағын су өлмейді, қара жер өлмейді», - деп жауап береді. Оған Жиренше шешен дау айтады:

Асқар таудың өлгені –
Басын бұлттың жапқаны,
Ай мен күннің өлгені –
Еңкейіп барып батқаны,
Ағын судың өлгені –
Аязда мұз боп қатқаны,
Қара жердің өлгені –
Қар астында жатқаны,
Ажал деген атқан оқ,
Бір Алланың қақпаны,
Дүниеде не өлмейді?
- Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді, - дейді шешен.

Бұл толғаудан ғылыми талдау жолы-

мен емес, қарапайым бақылау арқасында табиғаттың үнемі өсіп-өшіп, өзгеріп-өңделіп тұратындығы туралы халықтың дұрыс қорытынды жасағандығын, сонымен бірге адамды жақсылық пен білімге сілтейтін даналық ойды аңғарамыз. Жігітке, бірінші – білім керек, екінші ғылым керек, үшінші ұғым керек, отты жүрек, өткір тіл керек.

Мұнда халық «білім» деп ақылды, «ғылым» деп оқуды, «ұғым» деп оны есте сақтап, орнына жұмсай білуді айтып отыр.

Сөйтіп, шешендік толғау халықтың көрген білгеннен қорытқан ойы мен келер ұрпаққа айтар аманат-өсиеті болып табылады.

Шешендік арнау адамдар арасындағы қарым-қатынасты, шешендік толғау халықтың философиялық көзқарасын көрсетеді десек, шешендік дау – қазақ қауымының материалдық және рухани даулы мәселелерді, қылмысты істерді шешетін ежелгі әдет заңы, ережесі есепті.

Шешендік дауларды мазмұнына қарай: жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал және ар дауы деп беске бөлуге болады.

Бірыңғай мемлекеттігі, қабылданған заңы жоқ елде барлық дау-талап мәселесі қалыс ағайынның қазылығымен, жол-жоба білетін адамдарға жүгінумен шешілген. Халықтың осындай қарапайым тәжірибесінен қазылық институт, билік – төрелік айту әдеті қалыптасқан. Шешендік сөздерді құрылысына қарай термелі сөз, пернелі сөз деп екіге бөлуге болады. Құрылысы өлең-жырға ұқсас шешендік сөздерді термелі сөз дейміз. Шешендік термелі сөздің өлең-жырдан



негізгі айырмасы: шешендік терме үшін буын-бунақ саны біркелкі болып келуі шарт емес. Оның үстіне шешендік байланысына баса назар аударылады. Сондықтан да өлең-жырда буын толтыру, жол ұйқастыру үшін алынатын артық сөздер шешендік термеде кездеспейді, ең қажетті сөздер таңдап, талғап алынады. Әдетте өлең әнмен, жыр әуенмен айтуға бейімделген. Ал шешендік терме әнге салып, әуенге қосып айтуға келмейді. Оның есесіне шабытпен шапшаң жауаптасуға, ауызекі сөйлесуге ептейлі, оңтайлы. Бірақ бұдан шешендік терме біркелкі буын, бірыңғай ұйқастан қашады деген ұғым тумаса керек. Қайта шешендер сөзді мәнділігіне, дәлдігіне қарай іріктеп-сұрыптап алумен бірге олардың өзара ұйқасып, үндесіп келуіне үлкен мән берген.

Шешендік өнерге баулитын тәлімгер ұстаз (ритор) мамандығы пайда болды. Ал оратор – латынша «огаге» яғни сөйлеу, ғайыпты болжау деген мағынаны білдіреді. «Риторика» терминдік атауының әуелгі әрі негізгі мағынасы шешендік өнердің теориясы дегенді білдіреді. Жалпы шешендік өнер туралы философ-шешен Әбу Насыр әл-Фараби «Риторика» атты еңбек жазып, онда шешеннің сөйлеу шеберлігіне тоқталған. Шешендік арнау адамдар арасындағы қарым-қатынас пен көңіл-күйін бейнелесе, шешендік толғау халықтың табиғат құбылыстары мен әлеуметтік өзгерістерге өзіндік көзқарасын көрсетеді. Көп жасағаннан көрген-білгендерін қорытып, келесі ұрпаққа айтар аманат-ақылын, өсиет-насихатын баяндайды.

Қорыта айтқанда, қазақ көркем әдебиетінің туып қалыптасуында, дамып толысуында ақын-жыраулардың атқарған қызметі қандай болса, белгілі шешен-билердің қосқан үлесі зор. Шешендік сөзде айтылатын ойдың негізгі кілті мазмұнға байланысты. Халық кеңістіктен, уақыттан тыс тұрған дерексіз, бұлдыр, көмекші ойды жоққа шығарған, нені айтса да сендіретіндей, иландыратындай дәлелмен сөйлеген, яғни әрекеттің вербальді емес тәсілі, дауыс ырғағы, қимыл-қозғалыс жатады. Шешендік сөз адамды тәрбиелеп қана қоймайды, көпшіліктің дүниетанымын кеңейтеді, қоғамды іргелілетуге қозғаушы күш болады, сөйлеу өнерін үйренуге жетелейді, адамдар арасындағы қатынасты жақсартады, кісінің өз-өзінің сенімділігін арттырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сыздықова Р. Шешендік сөз / Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. – Алматы: Ғылым, 1987.- 200 б.
2. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1995. - 182 б.
3. Серімов Б.Е. Шешендік өнер және заң құжаттарының стилистикасы. – Қарағанды, 2001. – 35 б.
4. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. - 206 б.

**Айнұр Жамбылқызы
ШЕКЕРБЕКОВА,**

**№149 жалпы білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі.**

**Алатау ауданы,
Алматы қаласы.**



Қазақ халқының қолөнері



**Ақбота Ереншіқызы
СТАМЖАН,
«Қарасаз ауылындағы
өнер мектебі» МҚКК
тігін-тоқыма класының
мұғалімі.
Райымбек ауданы,
Алматы облысы.**

Қазақ халқының тарихи болмысы *мал өсірумен, егіншілікпен, қолөнерімен, аң аулаумен, ел қорғаумен* байланысты. Өмірдегі осы болмыстарына сәйкес халық тәлім-тәрбиелік тәжірибе жинады, ұлттық болмысы мен дәстүрін, салт-санасын қалыптастырды. Халық ұрпағын өз тәжірибелеріне сәйкес мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын, қолөнерін, аң аулауды, ел қорғау үшін ерлік жасауға тәрбиеледі.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесінде қолөнері ерекше орын алады. Профессор С. Қалиев: «Есік қаласынан табылған «хайуанаттық нақышта» шекілген алтын әшекейлері бар жауынгердің киімі ежелгі сақ шеберлерінің ғаламат өнерін көз алдымызға әкеледі. Тап осындай ою-өрнек белгілері қазақтардың қазіргі қолөнерінде де кеңінен қолданылады» деп, қазақ халқының қол өнерінің тарихи болмысын айқындап баяндайды.

Қазақ халқының қолөнері: зергерлік өнер, кілем тоқу, киіз басу, алаша тоқу, түс киіз басу, текемет басу, сырмақ жасау, қару-жарақ жасау, қыш құю өнері бәрі де ертеден бастау алған ұлттық кәсіп болып табылады. Қолөнері мен сәулет өнері арқылы халық ұлттық тәжірибелерін ұрпақ тәрбиесіне жан-жақты қолданып, «Ше-

бердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ», «Шебер ісін сүйеді, тастан түйін түйеді», «Зергердің қолы – алтын қол» деп түйіндейді. Қолөнері ежелден келе жатқан – *кәсіп*. Қолөнер – халқымыздың ұлттық мұрасы. Қазақтың ұлттық қолданбалы өнер тарихы көшпелі өмірдің салт-дәстүрімен тығыз байланысты.

Жалпы адам баласында рухани және материалды байлық деген бар. Соның ішінде адамды адам етіп, ұлтты ұлт ететін – *рухани байлық*. Рухани байлықтың қайнар көзі – *өнерде*. Халқымыздың ою, тігу, құрастыру, тоқу, мүсіндеу, бейнелеу сияқты ұлттық қолөнер түрлері бар. Бұлар сан ғасырлық тарихы бар, дегенмен қазіргі заман ағымына сай кейбір өзгерістерге ұшырап келе жатқан қолөнер түрлері.

Нақты қолөнер туындыларына тоқтала кетер болсақ, ұсталар: найза, қылыш, айбалта, семсер сияқты қару-жарақ түрлерін әзірлеген.

Ал ағаш шеберлері киіз үйдің сүйегінен бастап, үй мүліктері: сандық, кебеже, асадал, тостаған, ожау, астау және музыка аспаптары: домбыра, қобыз, шертер, т.б. даярлаған.

Зергерлер сәндік әшекейлік бұйымдар: сырға, білезік, алқа, өңіржиек, бойтұмар, шашбау, т.б. жасаған. Ісмерлер тоқыма, киіз басу, киім тігу өнерін дамытқан.

М.А. Леваневский: «қазақтың қандай кәсіпке болмасын, табиғаттан қабілеттігіне сүйсінесің, қарапайым құралдармен тамаша ер қапталдарын жасап, алтын, күмістен әсем бұйымдар шығаратындығына танданбасқа болмайды. Қазақтың тіккен аяқ киімдері өте берік, киюге ың-



ғайлы» - деп жазады. Ал енді қазақтың ұлттық қолөнерінің таңғажайып туындысы – киіз үй орта ғасыр саяхатшылары Марко Полоны (1230), Плано Карпиниді (1246), Клавихоны (1403), Барбораны (1436), қатты таң қалдырып, олардың тарихи жазбаларынан орын алған.

Қазақ ұлттық қол өнері адам баласына өзінің бай тарихы, терең мазмұны, сан қилы ерекшеліктері, рухани, эстетикалық, эмоционалдық, интеллектуалдық тұрғыда әсер етіп, олардың тұлғалық және сапалық қасиеттерін дамыта түседі. Қазақ халқының қолөнері сонау ескі заман тарихымен бірге өсіп, біте қайнап келе жатқан өте бай қазына болып саналады.

«Адамды адам еткен – еңбек» болғандықтан, еңбек тәрбиесі – адамның адамгершілік қасиеттерін дамытып, ақыл-ойын қалыптастырады. Ұрпағын мал өсіруге, егін баптауға баулыған қазақ халқы қолөнерін, түрлі кәсіптік (балықшы, бүркітші, ұсталық, зергерлік т.б.) өнерге үйретіп, өркениетті заманда өз өрісін тапқан мамандықтарға үйренуді уағыздап «мал өсірсен, қой өсір, өнімі оның көлгөсір», «ексең егін, нан жейсің тегін», «ғалымның сөзі – ортақ, шебердің қолы – ортақ», «өзен жағаласаң өлмейсің» деген сияқты мақалдарды халық «жаңа өнердің көбін біл, техниканың тегін біл» деген жаңа мақалмен жалғастырады, тәрбиені нарықтық үнеммен байланыстырып, жаңғыртады. Халық педагогикасы жеке адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетіндегі үйлесімдікке аса көңіл бөледі. «Қыз бала қылығымен сүйкімді», «Ақылды қыз ибаға иіледі, ақылды ұл иманға үйіріледі» деген мақалдар қыз баласынан ибалықты, ізеттілікті күтетінін білдіре отырып, «Қызым үйде – қылығы түзде» деп қызды тәрбиелеуде оның

психологиялық ерекшеліктерді ескеруді ескертеді. Қыз баланы жастайынан «Үйренгенің өзіңе құт, істегенің еліңе құт» дей отырып еңбекке, қолөнерге және үй жұмысына үйретуге ерекше көңіл бөлген. «Өнерсіз қыздан без, өнегесіз ұлдан без», «Ою ойғанның ойы ұшқыр», «Өз үйінде ою оймаған, кісі үйінде сызу сызбас», «Аяғын көріп асын іш» деген халық тұжырымдары қыз баласына өз міндеттерін ыждаһатпен үйренуге ықпал еткені даусыз.

Қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы жазылған мақаласында «Баланы ұлша тәрбиелесең ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең құл болмақшы», - деген. Осы кезеңде мектеп жасына дейінгі жастағы балаларды қай жастан бастап қолөнермен айналыстыруға болады деген сауал туындады. Ұ. Әбдіғапбаровқа қазақ халық педагогикасындағы балалар мен жастарды сәндік-қолданбалы өнерге үйретудегі жас кезеңдерін айқындаған:

- 1-6 жас – көріп-білу, байқау кезеңі;
- 5-9 жас қолөнерінің қарапайым жұмыстарына қатысу кезеңі;
- 10-14 жас – қолөнерінің негізгі жұмыстарына үйрену кезеңі;
- 15-19 жас – қолөнерінің бір түрі бойынша мамандану кезеңі.

Ұлттық өнері - рухани құндылықтың бірегей әлемі, ол арқылы адамның ұлттық рухани энергиясы іске асады. Жас ұрпаққа ұлттық, патриоттық негізде эстетикалық тәрбие берудің негізгі құралдарының бірі – ұлттық өнер. Ұлттық қолөнерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін С. Қасиманов, А. Тәжімұратов, Ә. Марғұлан, С. Мұқанов, Х. Арғынбаев, Ө. Жәнібеков және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырған. Қазақ халқының



қол өнерінің бір саласы – *киім тігу*. Ерте заманнан күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қол өнерінің озық үлгісі ретінде ғана емес, әрі әсем, әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан қазақтың ұлттық киімдері әлі де аз емес. Мектеп жасына дейінгі балалардың сәндік-қолданбалы өнер арқылы ұлттық мәдениетке құндылық қатынасын қалыптастырудың маңызы ерекше.

Ұлттық өнері – балалардың рухани құндылықтары мен ұлттық мәдениетін дамытудың негізгі көзі болып табылады. Сәндік-қолданбалы қызметтің өзіндік ерекшелігі бар. Сәндік-қолданбалы өнер туындыларының түрлері өте көп. Ұлттық қол өнер балалардың сезімін, ойын, тілегін, икемділігін, ұқыптылығын және т.б. қасиеттерін дамытады. Ұлттық өнер түрлерін бейнелейтін кескіндеме, графика, мүсіндер, заттар, құбылыстар, оқиғалар және т.б. көріністер сәндік-қолданбалы өнер саласына жатады. Балаларды ұлттық мәдениетке құндылық қатынасын қалыптастыруда *ұлттық ою-өрнектің* маңызы ерекше.

Ұлттық ою-өрнек жасау балалардың ойлауын, қимыл-қозғалысын, жылдамдығын қалыптастырады. Ою-өрнектің негізгі қасиеті-*ырғақ*. *Көрнекі материалдар ретінде* репродукциялар, ашық хаттар, слайдтар, бейнефильмдерді пайдалануға болады. Ұлттық ою-өрнек жасау балалардың эмоционалды қабілетін дамытады.

Балалар туған өлкенің табиғи байлығы мен рухани мәдениетін меңгеру керек. Сонымен қатар балаларды ұрпақтан – ұрпаққа жеткізіп отырған колөнер иелерімен, ғалымдармен, жазушылармен таныстырып отыру қажет. Әрбір іс әрекет

сауатты ұйымдастырылуы керек. Ұлттық сана сезімі, саяси ой-өрісі ата-бабаларының үлгі-өнегесімен байланыстырып білім беріп, тәрбиелеу керек. Ана тілін, тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін меңгеру арқылы балада ұлттық сана-сезім, намыс, мінез-құлық, дүниетаным қалыптасады.

Белгілі ғалым С. Дорженов өзінің «Ұлттық тәрбиенің тәлімі» деген еңбегінде «Қазақ халқының тұла бойы жүріс тұрысы, мінез – құлқы, істеген ісі - тұнып тұрған тәрбие. Сондықтан біздің алға қойған міндетіміз балабақшада ұлттық тәрбие жұмысындағы жақсы салт дәстүр, әдет ғұрыптарды жинақтап саралап пайдалану арқылы болашақ ұрпақты адамгершілік қасиеттерге баулу» -деп атап көрсеткен. Л.Н. Коган адамдардың ұлттық мәдениетті білуінің компоненттерін бөлді:

– «бұл мәдениеттің өткенін, оның дәстүрлерін білу. Әлеуметтік есте сақтаусыз ұлттық мәдениет жоқ және болмайды да.

– Қазіргі кездегі жастар отандық азаматтық тарихты, өз халқының мәдениет тарихин нашар біледі;

– халықтық ұлттық мәдениетті білу – ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ұлттық ойындар, мерекелер, ұлттық билер, мақалдар, ертегілер, халықтық этнос. Жастардың көбі ұлттық инструменттерде ойнай алады, ұлттық киімдерді біледі;

– ұлттық мәдениеттің әлемдік мәдениеттегі рөлін, оның жетістіктерін, атақты адамдарын білу;

– ұлттық психологияның көрінісі ретінде өзінің ұлттық мәдениетінің ерекшеліктерін білу».

Ұлы кеменгер жазушы М. Әуезов: «Қытай халқы ұлы қытай қорғанымен,



итальяндықтар сазды әуенімен таң қалдырса, қазақ халқы ұлттық құндылықтар мен бай тілін мақтан етеді», - дейді.

Ұлттық мәдениеттің құрамдас бөліктеріне ұлттық музыка, театр, би, бейнелеу өнері және т.б. жатады. Әрбір ұлттық өнердің өзіндік мәні мен өзіндік ерекшелігі бар. Ұлттық мәдениет ұлттық өнер арқылы дамиды. Ұлттық өнер ұрпақтан - ұрпаққа ұштасып, сабақтастып отыратын құбылыс. Ұлттық мәдениет рухани құндылық мен материалдық құндылық негізінде қалыптасады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Табылдиев Ә. Ұлттық тәрбие: Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. – 252 б.
2. Әбдіғалпбарова Ү.М. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері (оқу құралы). – Алматы: Өнер, -1999, 152 бет.
3. Қасиманов С. Қазақ халқының қол өнері - Алматы: Қазақстан, 1969, - 248 б.
4. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998.



Цилиндрдің көлемі





Ивагул Азиркуловна НЕГМЕТОВА,
№4 жалпы орта білім беретін мектебінің математика пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші.
Ақсай қаласы,
Бөрлі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	11.3.14. цилиндр көлемін табу формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану.			
Сабақтың мақсаты	- Цилиндр көлемін табу формуласын біліп, оны есептер шығаруда қолданады; - Кеңістіктегі нүктеден жазықтыққа дейінгі арақашықтық ұғымын енгізіп, кеңістіктегі нүктеден жазықтыққа дейінгі арақашықтықты табады; - Цилиндрдің көлемінің формуласын қолданбалы есептер шығаруда қолданады.			
Бағалау критерийі	- Айналу денелерінің түрлерін анықтай алады; - Цилиндр көлемінің формуласын біледі; - Цилиндр көлемінің формуласын пайдалана отырып есептерді шеше алады.			
Ойлау дағдысының деңгейі	Қолдану, жоғары деңгей дағдылары.			
Сабақ барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар




<p>Ұйымдастыру (5 мин)</p>	<p>Бінтымақтастық атмосферасын қалыптастыру ширату жаттығулары мен өтеді. «Ұшқан тілектер» тренингісін өткізеді. Мақсаты: Бінтымақтастық атмосферасын орнатып, жағымды жұмыс ортасын орнату. «Сәйкестік тест» әдісі</p> <table border="1" data-bbox="363 524 852 1312"> <tr> <td>1</td> <td>Қандай фигураны бір қабырғасынан айналдырғанда цилиндр алынады?</td> <td>а)</td> <td>шексіз көп</td> </tr> <tr> <td>2</td> <td>Цилиндрдің осьтік қимасының қабырғалары не болып табылады?</td> <td>б)</td> <td>тік төртбұрыш</td> </tr> <tr> <td>3</td> <td>Цилиндрдің табанында не жатыр?</td> <td>в)</td> <td>Диаметр мен жасаушы</td> </tr> <tr> <td>4</td> <td>Цилиндрдің бүйір бетінің жазбасы не?</td> <td>г)</td> <td>дөңгелек</td> </tr> <tr> <td>5</td> <td>Цилиндрде неше жасаушы бар?</td> <td>д)</td> <td>тік төртбұрыш</td> </tr> <tr> <td>6</td> <td>Цилиндр табанының ауданын табу формуласы қандай?</td> <td>е)</td> <td>$S = 2\pi RH$</td> </tr> <tr> <td>7</td> <td>Цилиндрдің толық бетінің ауданын есептеу формуласы қандай?</td> <td>ж)</td> <td>$S = \pi R^2$</td> </tr> <tr> <td>8</td> <td>Цилиндрдің бүйір бетінің ауданын есептеу формуласы қандай?</td> <td>з)</td> <td>$S = 2\pi R(R + h)$</td> </tr> </table> <p>Топқа бөлу. «Санамақ» әдісі</p>	1	Қандай фигураны бір қабырғасынан айналдырғанда цилиндр алынады?	а)	шексіз көп	2	Цилиндрдің осьтік қимасының қабырғалары не болып табылады?	б)	тік төртбұрыш	3	Цилиндрдің табанында не жатыр?	в)	Диаметр мен жасаушы	4	Цилиндрдің бүйір бетінің жазбасы не?	г)	дөңгелек	5	Цилиндрде неше жасаушы бар?	д)	тік төртбұрыш	6	Цилиндр табанының ауданын табу формуласы қандай?	е)	$S = 2\pi RH$	7	Цилиндрдің толық бетінің ауданын есептеу формуласы қандай?	ж)	$S = \pi R^2$	8	Цилиндрдің бүйір бетінің ауданын есептеу формуласы қандай?	з)	$S = 2\pi R(R + h)$	<p>Ұшатын зат жасап, жасалған заттың қанатына тілек жазып, сыныптастарына бүгінгі күнге тілек айтады.</p> <p>Өткен тақырыпты естеріне түсіру, қайталау мақсатында сәйкестендіру тесті орындалады</p> <p>Қарапайым саналу арқылы оқушылар топқа бөлінеді</p>	<p>ҚБ: «Мадақтау» әдісімен бағалау. Жауабын толықтыру, тиімді кері байланыс жасау.</p>	<p>Интер-белсенді тақта.</p> <p>Интер-белсенді тақта.</p>
1	Қандай фигураны бір қабырғасынан айналдырғанда цилиндр алынады?	а)	шексіз көп																																	
2	Цилиндрдің осьтік қимасының қабырғалары не болып табылады?	б)	тік төртбұрыш																																	
3	Цилиндрдің табанында не жатыр?	в)	Диаметр мен жасаушы																																	
4	Цилиндрдің бүйір бетінің жазбасы не?	г)	дөңгелек																																	
5	Цилиндрде неше жасаушы бар?	д)	тік төртбұрыш																																	
6	Цилиндр табанының ауданын табу формуласы қандай?	е)	$S = 2\pi RH$																																	
7	Цилиндрдің толық бетінің ауданын есептеу формуласы қандай?	ж)	$S = \pi R^2$																																	
8	Цилиндрдің бүйір бетінің ауданын есептеу формуласы қандай?	з)	$S = 2\pi R(R + h)$																																	
<p>Сабақтың ортасы (35 мин)</p>	<p>Топтық жұмыс «Ментальді карта» әдісімен орындалады. Ойлау дағдысы: білу, түсіну</p> <p>ЕБҚ: «Кубертка» әдісі Цилиндрдің элементтерін белгілеп жазып көрсет.</p> <div data-bbox="384 1727 799 1917" style="text-align: center;"> </div>	<p>Топта жаңа тақырыпты талдап, өзіндіктерінен түсінеді. Топтар бірінбірі бағалап, кері байланыс жасайды. Берілген сурет бойынша элементтері көрсетеді.</p>	<p>ҚБ: «Белгілер сөйлейді» әдісі. Дескриптор - Цилиндрдің элементтерін атайды; - Белгілеп көрсетеді.</p>	<p>Интер-белсенді тақта. Қосымша №1</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=RcFOILYdU</p>																																



	<p>1-топ: Цилиндрдің жазбасы қабырғасы $2\sqrt{3}\pi$ – квадрат Цилиндр көлемі неге тең?</p> <p>2-топ: Цилиндрдің жазбасы тік төртбұрыш. Жазба диагоналі 8 және табан жазықтығымен 30° бұрыш жасайды. Цилиндр көлемін табыңыз.</p> <p>3-топ: Цилиндрдің табан радиусы биіктігінен 3 есе кіші, ал толық бет ауданы 288π. Цилиндрдің өлшемдері қандай?</p> <p>ЕБҚ: «Кубертка» әдісі Берілгендері бойынша цилиндрдің көлемін есепте</p> <div style="display: flex; align-items: center; justify-content: center;"> <div style="margin-right: 20px;"> <p>$R = 3$ $h = 4$ $V = ?$</p> </div>  </div> <p>Сергіту сәті «Көзге арналған жаттығу» « Сен маған, мен саған» әдісі 1-жұп: Құдыққа арналған цилиндр формалы сақинаның ішкі және сыртқы диаметрлері 1,3 м және 1,1 м, ал биіктігі 0,9 м. Осындай 8 сақина жасау үшін қанша текше метр бидон қажет?</p> <div style="display: flex; justify-content: center; align-items: center;">   </div> <p><u>Мәнмәтін жағдаяты: Кәсіби</u> <u>Математикалық мазмұны: Кеңістік пен пішін.</u> <u>Күзiреттiлiк: Қолдану.</u> <u>Құрамдас мәтін.</u></p>	<p>Топпен тапсырманы орындайды, есептерінің шешуін көрсетеді.</p> <p>Көлемнің формуласын қолданып есеп шығарады</p> <p>Жаттығу жасайды.</p> <p>Әдіс арқылы оқушылар жұптық жұмыс жасайды.</p>	<p>Дескриптор Білім алушы: - Цилиндрдің радиусын анықтайды; - Цилиндрдің биіктігін анықтайды; - Көлемін табады.</p> <p>Дескриптор -Берілгендерді қолданады; - Көлемін есептейді;</p> <p>Дескриптор. Білім алушы: - Сыртқы цилиндрдің көлемін есептейді;</p> <p>- Ішкі цилиндрдің көлемін есептейді; - Сақинаның көлемін табады; - Есеп жауабын табады</p>	<p>Үлестірмелі қағаздар. Қосымша №2.</p>
--	--	---	--	--



	<p>2-жүп. Ішкі диаметрі 20 см цилиндр тәрізді ыдысқа бөлшек салғанда ыдыс ішіндегі сұйықтықтың биіктігі 12 см көтерілді. Бөлшектің көлемі неге тең?</p>  <p>3-жүп: Диаметрі 20 см, биіктігі 12 см цилиндр формалы ыдыста суфле дайындалуда. Оны пісіру үшін диаметрі 8 см және биіктігі 5 см болатын цилиндрлік ыдыстарға жартысына дейін құятын болса, қанша форма қажет болады?</p>  <p>ЕБҚ: оқушыға цилиндр макеті беріледі, цилиндрдің элементтерін сызғышпен өлшеп, көлемін өлшеп табады.</p> <p>Функционалдық сауаттылық есебі</p> <p>«Кувертка» әдісі. Су цистернасы</p> 		<p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бөлшек салынған ыдыстың көлеміне - Байланысты қорытынды жасайды; - Көтерілген сұйықтың көлемін есептейді; - Бөлшектің көлемін табады <p>Дескриптор. Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - суфленің көлемін табады; - форманың көлемін табады; бір ыдысқа (жартысына) құйылатын суфле көлемін табады; форма санын табады. <p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> - Элементтерінің өлшемін табады; - Көлемін есептейді; 	<p>Интербелсенді тақта. Қосымша №3.</p> <p>Геометрия оқулығы. Смирнов В.А, Тұяқов Е.А. Мектеп 2019.</p>
--	--	--	---	---



	<p>Алмастың үйінде су сақтауға арналған радиусы см цилиндр тәріздес цистерна бар. Цистернада қалған судың көлемі $V = 0.3 \text{ м}^3$. Өлшем бірліктері сызбада көрсетілген (сызбада масштаб сақталмаған) ($\pi = 3$) Алдынан қарағандағы көрініс Жанынан қарағандағы көрініс</p> <p>1. Сызбада көрсетілген δ белгісін табыңыз. Шешеуі.</p> <p>$R = 50 \Rightarrow D = 100, V = 0.$ $EB = \sqrt{50^2 - 30^2} = 40$ $AB = 2 \cdot EB = 80$ Жауабы: 80 см.</p> <p>2. Цистернаның сыйымдылығын есептеңіз 1756 л 1500 л 1600 л 1660 л 1440 л Шешуі. Сыйымдылығын табу үшін цистернаның көлемін есептейміз.</p> <p>Шешуі. Сыйымдылығын табу үшін цистернаның көлемін есептейміз. $V = S_{\text{таб}} \cdot h$ $V = \pi \cdot R^2 \cdot h, V = 3 \cdot 50^2 \cdot 2 = 1500 \text{ л}$</p> <p>3. Цистернадағы су бетінің ауданын табыңыз.</p> <div style="border: 1px solid black; width: 100px; height: 30px; margin-left: 20px;"></div>	<p>Функционал-дық сауаттылық есебін топта орындайды.</p>	<p>ҚБ: «Жапондық белгі» әдісі</p>	<p>Интер-белсенді такта. Қосымша №3.</p> <p>Гео-метрия ОКУЛЫҒЫ. Смир-нов В.А, Тұяқов Е.А. Мек-теп 2019.</p>
--	---	--	-----------------------------------	---



Шешуі.

$$S = a \cdot b \Rightarrow S = 80 \cdot$$

$$2 = 160 \text{ см} = 1,6 \text{ м}$$

Жауабы: 1,6 м

4. Цистернаны вертикаль бағытта орналас-тырғандағы су бетінің ауданын табыңыз.

Шешуі.

$$S_{\text{ш}} = \pi \cdot R^2 \Rightarrow S_{\text{ш}} = 3 \cdot 502$$

$$= 750 \text{ см} = 0,75 \text{ м}$$

Жауабы: 0,75 м

5. Цистернаны вертикаль бағытта орналас-тырғандағы су деңгейінің биіктігін табыңыз



Шешуі:

$$V = 0,3 \text{ м}^3, \quad V = S_{\text{таб}} \cdot h,$$

$$0,3 \text{ м}^3 = 0,75 \text{ м}^2 \cdot h,$$

$$h = 0,4 \text{ м} = 40 \text{ см}$$

Жауабы: 40 см.



Қорытынды
(5мин)

ЕБҚ: жұптасқан оқушымен жұмыстанады.

Рефлексия «Таңдау» әдісі арқылы кері байланыс жасайды.

Сынып:	Оқушы:	
1 Мен сабақта жұмыс жасадым	белсенді	бағу
2 Сабақтағы өз жұмысыма	ризамын	риза емеспін
3 Сабақ барысында мен	шаршадым	шаршамадым
4 Менің көңіл күйім	жақсарды	жаман
5 Сабақ мен үшін болды	ұзақ	қысқа
6 Сабақтың маған болды	түсінікті қызықты пайдалы	түсініксіз қызықсыз пайдасыз

Сабақ бойынша рефлексия жасайды.

Сабаққа рефлексия жасайды.



Қосымша №1

№	Сұрақ	Жауап
1	Қандай фигураны бір қабырғасынан айналдырғанда цилиндр шығады?	а) шексіз көп
2	Цилиндрдің өстік қимасының қабырғалары цилиндрдің қай элементтері болады?	б) тіктөртбұрыш
3	Цилиндрдің табаны не болып табылады?	в) диаметр және жасаушы
4	Цилиндрдің бүйір бетінің жазбасы не болады?	г) дөңгелек
5	Цилиндрдің қанша жасаушысы бар?	д) тіктөртбұрыш
6	Дөңгелектің ауданының формуласын жаз.	е) $S_{\text{д.б}} = 2\pi Rh$
13	Цилиндрдің толық бетінің ауданының формуласын жаз.	ж) $S_{\text{д}} = \pi R^2$
14	Цилиндрдің бүйір бетінің ауданының формуласын жаз	з) $S_{\text{шил}} = 2\pi R(R+h)$

«Ментальді карта» әдісі

Цилиндрдің суреті	Көлемін табу формуласының ережесі	Көлемін табу формуласын қорытын шығар

Қосымша №2 Топтық жұмыс есептерінің шешулері:

1-топ: Шешуі: $V = S_{\text{таб}}H$

$$V_1 = \pi R^2 H = \pi \cdot 0,65^2 \cdot 0,9 = 0,38025\pi(\text{м}^3)$$

$$V_2 = \pi r^2 H = \pi \cdot 0,55^2 \cdot 0,9 = 0,27225\pi(\text{м}^3)$$

$$V_{\text{сақина}} = V_1 - V_2 = 0,38025\pi - 0,27225\pi = 0,108\pi(\text{м}^3)$$

8 сақинаға қажет болатын бидон көлемі:

$$0,108\pi \cdot 8 = 0,864\pi(\text{м}^3)$$

Жауабы: $0,864\pi\text{м}^3$ немесе $\approx 2,6\text{м}^3$

2-топ. Шешуі: бөлшектің көлемі – көтерілген сұйықтың көлеміне тең.

Цилиндр радиусы 10см, табан ауданы

$$S = \pi r^2 = 10^2\pi = 100\pi(\text{см}^2)$$

Бөлшектің көлемі:

$$V = 100\pi \cdot 12 = 1200\pi(\text{см}^3)$$

Жауабы: $1200\pi\text{см}^3$

3-топ: Шешуі:

$$V_1 = \pi R^2 H = \pi \cdot 10^2 \cdot 12 = 1200\pi(\text{см}^3)$$

$$V_2 = \pi r^2 H = \pi \cdot 4^2 \cdot 5 = 80\pi(\text{см}^3)$$

Ыдыстың жартысының көлемі:

$$80\pi \div 2 = 40\pi(\text{см}^3)$$

Форманың санын табамыз: $1200\pi \div 40\pi = 30$.

Жауабы: 30 форма қажет болады.

4-топ.

Шешуі. Бірінші цилиндрдің көлемі:

$$V_1 = \pi R_1^2 H_1,$$

$V_2 = \pi R_2^2 H_2$. Бірақ есеп шарты бойынша:

$$H_2 = 3H_1 \text{ и } R_2 = 0,5R_1.$$

$$V_2 = \pi R_2^2 H_2 = \pi \cdot \left(\frac{R_1}{2}\right)^2 \cdot 3H_1 = \frac{3}{4} \cdot \pi R_1^2 H_1 = \frac{3}{4} V_1 = \frac{3}{4} \cdot 12 = 9$$

Жауабы: 9 м^3 .

Қосымша №3:

Шешуі: Квадрат қабырғасының ұзындығы цилиндрдің табанындағы дөңгелектің шеңберінің ұзындығына тең. Дөңгелектің шеңберінің ұзындығының формуласынан радиусты өрнектеп аламыз:

$$C = 2\pi R = 2\sqrt[3]{\pi} \Rightarrow R = \frac{\sqrt[3]{\pi}}{\pi}, \text{ есеп шарты}$$

бойынша $H = 2\sqrt[3]{\pi}$.

$$V = S_{\text{таб}}H = \pi R^2 H = \pi \cdot \left(\frac{\sqrt[3]{\pi}}{\pi}\right)^2 \cdot 2\sqrt[3]{\pi} = 2 \text{ куб. бірлік.}$$

Жауабы: 2 куб. бірлік .

2. Шешуі:

30° -қа қарсы жатқан катеттің қасиеті бойынша тіктөртбұрыш ені 4-ке тең екендігін табамыз. Сүйір бұрыштың гsinусының формуласымен тіктөртбұрыштың ұзындығын табамыз:

$$\cos 30^\circ = \frac{a}{8} \Rightarrow a = 8 \cdot \cos 30^\circ = 4\sqrt{3}$$

Тіктөртбұрыштың ұзындығы цилиндрдің табанындағы дөңгелектің шеңберінің ұзындығына тең екендігін қолданып радиусты

$$\text{табамыз: } C = 2\pi R = 4\sqrt{3} \Rightarrow R = \frac{2\sqrt{3}}{\pi}$$

$$V = S_{\text{таб}}H = \pi R^2 H = \pi \cdot \left(\frac{2\sqrt{3}}{\pi}\right)^2 \cdot 4 = \frac{48}{\pi} \text{ куб. бірлік.}$$

Жауабы: $\frac{48}{\pi} \text{ куб. бірлік}$.